



ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

BULLETIN OF SHAKARIM UNIVERSITY HISTORICAL SCIENCES

SCIENTIFIC JOURNAL

1(1)/2024



**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ**

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

**ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА
ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

**BULLETIN OF SHAKARIM UNIVERSITY
HISTORICAL SCIENCES**

SCIENTIFIC JOURNAL

1(1)/ 2024

2024 жылдан бастап шығады

Founded in 2024

Издается с 2024 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Semey, 2024

Атантаева Бақыт Жумағазықызы,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Семей, Қазақстан

Редакция алқасы:
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

Байсарина Қымбат	т.ғ.д., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Енсенов Қанат	т.ғ.к., қауым. профессор, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы Институты
Финке Петер	д.и.н., Universität Zürich, Швейцария
Томохико Ямаха	д.и.н., Хоккайдо Университет, Саппоро, Япония
Құрманғалиева-Ерджиласун Гүлжанат	т.ғ.д., Анкара Хаджи Байрам Вели Университеті, Түркия
Азаматова Гульназ	т.ғ.д., профессор, Политехникалық Университеті, Мәскеу, Ресей
Жанбосинова Альбина	т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан
Щеглова Татьяна	т.ғ.д., профессор, Алтай мемлекеттік педагогикалық Университет, Барнаул, Ресей
Каримов Мұхтарбек	т.ғ.к., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Исин Амантай	т.ғ.к., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

Редакцияның мекенжайы: 071412, Қазақстан, Семей қ., Глинка к-сі, 20А

E-mail: history@vestnik.shakarim.kz

Техникалық хатшы: +77089285850

Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы
Меншіктенуші: «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам
Мерзімділігі: жылына 4 рет
Тиражы: 100 дана
Типографияның мекенжайы: 071412, Қазақстан, Семей қ., Глинка к-сі, 20А.

© Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Editor-in-Chief:

Atantayeva Bakyt Zhumagazyevna,
Doctor of Historical Sciences, Professor
Shakarim University of Semey
Semey, Kazakhstan

Editorial Board:

HISTORICAL SCIENCES

Baisarina Kymbat	Doctor of Historical Sc., Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan
Ensenov Kanat	Candidate of Historical Sc., Associate Professor, Institute of State History, Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Finke Peter	Doctor of Historical Sc., Universität Zürich, Switzerland
Tomohiko Uyama	Doctor of Philosophy, Professor, Hokkaido University, Sapporo, Japan
Kurmangaliyeva-Erdzhasilun Gulzhanat	Doctor of Historical Sc., Ankara Hacı Bayram Veli University, Turkey
Azamatova Gulnaz	Doctor of Historical Sc., Professor, Polytechnic University, Moscow, Russia
Zhanbossinova Albina	Doctor of Historical Sc., Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
Shcheglova Tatiana	Doctor of Historical Sc., Professor, Altai State Pedagogical University, Barnaul, Russia
Karimov Mukhtarbek	Candidate of Historical Sciences, Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan
Isin Amantay	Candidate of Historical Sciences, Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan

Editorial Address: 071412, Kazakhstan, Semey city, Glinki Street, 20A.

E-mail: history@vestnik.shakarim.kz

Technical Secretary: +77089285850

Bulletin of Shakarim University. Series: History Sciences

Owner: Non-profit Joint Stock Company "Shakarim University of Semey"

Publication Frequency: 4 times a year.

Circulation: 10 copies

Printing House Address: 071412, Kazakhstan, Semey city, Glinki Street, 20A

Главный редактор:
Атантаева Бакыт Жумагазыевна,
доктор исторических наук, профессор,
Университет имени Шакарима г. Семей
Семей, Казахстан

Редакционная коллегия:
ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

Байсарина Кымбат	д.и.н., Университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан
Енсенов Канат	к.и.н., ассоциированный профессор, Институт истории государства Комитета науки МНВО РК
Финке Петер	д.и.н., Universität Zürich, Швейцария
Томохико Ямаха	д.и.н., Хоккайдо Университет, Саппоро, Япония
Құрманғалиева- Ерджиласун Гүлжанат	д.и.н., Анкара Хаджи Байрам Вели Университет, Турция
Азаматова Гульназ	д.и.н., Политехнический Университет, Москва, Россия
Жанбосинова Альбина	д.и.н., профессор, Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Щеглова Татьяна	д.и.н., профессор, Алтайский государственный педагогический Университет, Барнаул, Россия
Каримов Мухтарбек	к.и.н., Университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан
Исин Амантай	к.и.н., Университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан

Адрес редакции: 071412, Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20А

E-mail: history@vestnik.shakarim.kz

Технический секретарь: +77089285850

Вестник университета Шакарима. Серия: Исторические науки

Учредитель: Некоммерческое акционерное общество «Университет имени Шакарима г. Семей»

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 10 экземпляров

Адрес типографии: 071412, Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20А.

Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы
BULLETIN of Shakarim university. Historical Sciences Series
Вестник Университета Шакарима. Серия: Исторические науки

№1(1) /2024

МАЗМҰНЫ/ CONTENT/ СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ – HISTORICAL SCIENCES – ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

Мұхатова О.

Алаш қайраткері – Барлыбек Сыртанов

Mukhatova O.

Alash figure – Barlybek Syrtanov

Мухатова О.

Деятель Алаш – Барлыбек Сыртанов.....

8

Мамырбеков А., Оралбекова А.

Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің ұлттық саясатындағы жер мәселесі (1920-1928)

Mamyrbekov A., Oralbekova A.

The land issue in the national policy of the soviet state in Kazakhstan (1920-1928)

Мамырбеков А., Оралбекова А.

Земельный вопрос в национальной политике советского государства в Казахстане (1920-1928 гг.)

22

Жанбосинова А.

Қазақстандағы украиндар: әлеуметтік-экономикалық трансформация жағдайындағы ұтқырлық

Zhanbossinova A.

Ukrainians in Kazakhstan: mobility in the context of socio-economic transformation

Жанбосинова А.

Украинцы в Казахстане: мобильность в условиях социально-экономической трансформации.....

37

Тұрсын Х., Мухаметкалиева К.

Семей губерниясындағы ауыл мектептерінің мәселелері және оларды шешу жолдары: 1920-жылдар тәжірибесі

Tursyn Kh., Mukhametkaliyeva K.

Problems of Rural Schools in Semipalatinsk Governorate and Ways to Address Them: The Experience of the 1920s

Тұрсын Х., Мухаметкалиева К.

Проблемы сельских школ Семипалатинской губернии и пути их решения: опыт 1920х годов

46

Щеглова К., Сайранбекова Ұ.

Татар қауымының Семейдің экономикалық және мәдени дамуына әсері (XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы)

Shcheglova K., Sairanbekova U.

The influence of the Tatar community on the economic and cultural development of Semipalatinsk (second half of the XIX th - early XX th century)

Щеглова К., Сайранбекова У.

Влияние татарской общины на экономическое и культурное развитие Семипалатинска (вторая половина XIX-начало XXвв.).....

61

Абенова Г., Нұрғазы Қ.

Жоңғар басқыншылығы кезінде қол бастаған Семей – Ертіс өңірінің батырлары

Abenova G., Nurgazy K.

Batyr of the Semey-Irtysh region during the dzungarian aggression

Абенова Г., Нұрғазы Қ.

Батыры Семипалатинского Прииртышья в период джунгарской агрессии.....

76

Камалджанова Т., Ахметова Д.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстандағы этнодемографиялық процестер

Kamaljanova T., Akhmetova D.

Ethnodemographic Processes in Eastern Kazakhstan in the Second Half of the XX th – Early XXIst Century

Камалджанова Т., Ахметова Д.

Этнодемографические процессы в Восточном Казахстане во второй половине XX – начале XX начале века.....

89

Конбай Е., Әбденев А.

Батыстан шыққан тұңғыш әйел дәрігер – Аққағаз Досжанова

Konbay Y., Abdenov A.

The First Female Doctor from Western Kazakhstan – Akkagaz Doszhanova

Конбай Е., Абденев А.

Первая женщина-врач из Западного Казахстана – Аккагаз Досжанова.....

100

Атантаева Б., Ахметова Р., Ботабекова А.

Қазақстандағы ашаршылық құрбаны болған балалар (Абай облысының Мемлекеттік архиві материалдары бойынша)

Atantayeva B., Akhmetova R., Botabekova A.

Children - Victims of the Kazakh Famine (Based on Materials from the State Archive of the Abai Region)

Атантаева Б., Ахметова Р., Ботабекова А.

Дети - жертвы казахстанского голодомора (по материалам Государственного архива области Абай).....

114

FTAMP 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-1\(1\)-1](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-1(1)-1)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ – БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ

Оразгүл Х. Мұхатова

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы,
Қазақстан*

E-mail: Orazgul7@rambler.ru,
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

Аңдатпа. Жетісулық Алаш қайраткерлерінің арасында Қазақ Елінің Жарғысын - заңын жазған тұлға бар, ол – Барлыбек Сыртанов. Барлыбек Верный ерлер гимназиясында білім алған. Петербордағы Император университетінің тілдер факультетін түрік-татар және араб-парсы тілдері мамандығы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен тәмамдаған. Барлыбектің алған білімі, Ресей астанасында көрген-білгендері, көкейіне түйгендері оны нағыз ұлтжанды, елінің болашағы үшін күрескер-қайраткер етті. Барлыбектің елжанды, әділ, еңбекқорлық қасиеттері және терең білімі, білігі кеңсе қызметкері ретінде еңбек еткен уақытында жергілікті халықтың қамқоршысы, құқықтарын қорғаушысы атандырды. Зерттеудің мақсаты және міндеттері – халқының тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш қайраткері, елінің адал перзенті, құқықтанушы Барлыбек Сыртановтың ғұмыры мен қызметін тарихи деректер негізінде зерделеу; Барлыбектің Верный ерлер гимназиясында білім алуын қарастыру; Петербор императорлық университетіндегі оқуын талдау; оның тұлға ретінде қалыптасу үрдістерін анықтау; Барлыбек дайындаған Қазақ Елі заңының мазмұнын ашу; Алаш арысының қоғамдық-саяси қызметін көрсету. Мақалада архив деректері бойынша Б. Сыртановтың балалық шағы, студенттік кезі, қызметі зерттелді. Оның өмірі мәнді, елінің, жерінің тағдырына алаңдап, халық мүддесінде қызмет етумен өтті. Барлыбек Сыртанов XX ғасырдың бас кезіндегі мұсылмандық қозғалысқа қатысқан. Ағартушылық идеясын таратумен де айналысты. Қарашекпенділер легін азайтуға Б. Сыртанов бар күш жігерін жұмсаған. Верный ерлер гимназиясының, Петербор императорлық университеті қабырғасындағы оқуы Барлыбектің білімді әрі білікті маман болып қалыптасуына ықпал етті. Терең білімі, баға жетпес адами қасиеттері Барлыбекті ұлттық рухтың биігіне шығарды. Қазақ Елінің жарғысының авторы XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыста өшпес із қалдырды.

Түйін сөздер: Барлыбек Сыртанов, Жетісу, Алаш, қайраткер, гимназия, университет, Қазақ Елі, Устав (Жарғы), құқықтанушы, қорғаушы.

Алғыс айту

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдырлары және мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыруында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14872226).

Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстанда Алаш зиялыларының өмірлік жолы мен қызметін зерделеуге ерекше ықылас байқалады. Мемлекеттің көшбасшысы Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (Тоқаев, 2021) атты мақаласында XX ғасырдың бас кезіндегі «Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиістілігін» де түртіп өткен болатын. Осыған байланысты Алаш зиялыларының қатары толықтырылып, мұралары зерделенуде. Арнайы ғылыми жобалар аясында зерттеулер жүргізіліп, бұрын-соңды ғылыми айналымға түсірілмеген, құпия сақталған архив құжаттары жинақ ретінде жарық көруде. Қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеуді былай қойғанда есімдері қалтарыста қалып жатқандары да бар. Олардың есімдері іргелі еңбектерде ғана айтылады. Әсіресе Қайсерке Тоқсанбаев, Әбубәкір

Жақыпбаев, Мақсұт Солтаев тәрізді жетісулық Алаш қайраткерлерінің тек білім алған оқу орындары, қызметі жөнінде мардымсыз мәліметтер ғана кездеседі.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының арасында Барлыбек Сыртановтың есімі ерекше тарихи тұлға ретінде аталады. Қазақ елінің Жарғысын – Заңын жазған Барлыбек – алты Алаштың мақтанышы болып табылады. Елеулі қоғам қайраткері, білімді, елінің егемендігі үшін қажырлы еңбек еткен Барлыбек Сыртановты көкірегі ояу, көзі ашық қауым белгілі құқықтанушы ретінде танып, бағалайды. Бұл – Барлыбектің тек бір қыры ғана. Білікті азамат күрделі мәселелердің шешімін табуға ықпал етіп, ұлт мүддесіне қызмет жасады. Б.Сыртанов халқының қамқоршысы ретінде тұрғындардың құқықтарын қорғаған. Бұл – оның екінші қыры. Барлыбектің ғұмыры мен қызметінің әлі де ашылмаған қырларының бар екендігі байқалады. Сондықтан да Алаш арысының өмір жолын тың деректер бойынша зерделеудің маңызы зор. Осы орайда тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды.

Материалдар мен әдістер

Барлыбек Сыртановтың өмірі мен қызметіне байланысты тарихи мәліметтерді Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (одан әрі – ҚР ОМА) 44, 94, Алматы қаласы мемлекеттік архивінің (одан әрі - Алматы қ. МА) 390-қорынан табуға болады. Санкт-Петербургтегі Императорлық университетінде оқыған кездегі студенттік өміріне қатысты құжаттар Ресей мемлекеттің тарихи архивінің (одан әрі - РМТА) 14-қорында сақтаулы. Олардың біразы ғылыми айналымға енгізілген. Е. Тоқтарбай Б. Сыртановтың өмірлік жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне, шығармашылығына байланысты архив құжаттарын, материалдарын жинақтап, жариялады (Тоқтарбай, 2019). Алайда олар толық талданбады. Осы орайда құжаттарды деректанулық талдаудан өткізіп, шынайылығын айқындау міндеті туындайды.

Философиядағы феноменологиялық бағыттың негізін салушы неміс ғалымы Э. Гуссерльдің (Гуссерль, 2008) адам өмірінің түрлі қырларын зерттеу әдістері мен М. Блоктың (Блок, 1986) атақты тарихи тұлғалардың әрекеттерін қоғамның ішкі өмірімен байланыстыра зерттеу тәсілдері осы тақырыпты қарастыруда қолданылды. Бұл феноменологиялық бағыттар Б. Сыртановтың заңгерлік қызметін, қоғамдық-саяси көзқарастарын, тұлғаның өмір сүру бейнесін өзара байланыста зерделеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік құрылымның басты компоненті жеке адамның, мәселен, Б. Сыртановтың ғұмырын тарихи тұрғыда қарастыруда және тарихи портретін қалыптастыруда «антропологияландыру» бағыты (Февр, 1991) ұтымды болып табылады. Сонымен қатар Барлыбектің өмірі мен қызметін зерттеуде өркениеттілік (Сорокин, 1992) бағытын ұстану маңызды. Артур Онкен Лавджойдың (Лавджой, 2001) зерттеу бағыты арқылы Б.Сыртановтың қоғамдық қызметін зерделеуге болады. Сондай-ақ Э. Эриксонның (Эриксон, 1996) тұлғаның даму теориясы Алаш қайраткерінің ашылмаған қырларын, беймәлім ғұмыр белестерін айқындауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, XX ғасырдың белгілі философы, әлеуметтанушысы, психолог Эрих Фроммның (Фромм, 2008) тұлға туралы теориясы жетісулық Алаш арысының ойлары мен идеяларын тереңнен түсінуге мүмкіндік туғызады.

Ғылыми зерттеу бағыттары мен теориялар тарих ғылымының тарихилық, объективтілік және әлеуметтік қағидаларымен тығыз байланыста Барлыбек Сыртановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл қағидалар Барлыбектің білім алуын, қызмет етуін, әлеуметтік-саяси хронологиялық, ретроспективті, талдау, модельдеу, қорыту, сипаттау әдістерімен ұштастыра отырып зерделеуге ұтымды болды.

Талқылау

Отандық тарих ғылымында Жетісулық Алаш қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыстың белді мүшесі – Барлыбек Сыртановтың өмірі мен қызметі туралы еңбектер көп емес. Барлыбектің құқықтық, қоғамдық саяси қызметін өз кезегінде алғашқылардың бірі болып С. Өзбекұлы зерттеді. Кеңес Одағындағы қоғамды қайта құру және демократияландыру кезеңінде жарық

көрген «Арыстары Алаштың» атты еңбегінде ғалым Б. Сыртановтың құқықтанушылық көзқарастарын зерделеді (Өзбекұлы, 1988). Бұдан кейінгі уақытта ол жетісулық Алаш қайраткерінің өмірі мен қызметін арнайы зерттеп, еңбек жариялады (Өзбекұлы, 1996).

Қысқаша тарихнамалық шолудан Барлыбек Сыртановтың ғұмыры мен еліне еткен қызметінің зерттелгендігін байқауға болады. Алайда Алаштың қадірлі өкілінің өніп өскен ортасы мен тарихи ой-көзқарастары әлі арнайы зерттелмеді. Мұның өзі әлі де болса Барлыбектің өмірі мен қызметін терең зерделеу қажет дегенді білдіреді.

Зерттеу нәтижелері

Барлыбек Сыртанов 1866 жылы Жетісу облысының Қапал уезіне қарасты Арасан болысындағы Қарашоқы жерінде Сыртан есімді шаруа отбасында дүниеге келді. Оның тегі - Найман тайпасының Матай руы, Қаптағай тармағынан. Барлыбек әкесі Сыртанның күш-жігерлігі мен ортасына беделділігінің арқасында Верный (қазіргі Алматы) қаласындағы ерлер гимназиясында білім алған. Сыртан өз заманында Матай елінде әділдік үшін күрескен, білімпаз, көкірегі ояу тұлға ретінде танылған. Ұрпағының келешегіне алаңдаушылықпен қараған Сыртан ұлдары Барлыбек пен Тұрлыбекті 1874 жылы Қапал қаласында қазақ балаларына арналған даярлық пансионда білім алуға жіберген. Архив қорларында сақталған тарихи деректерде бұл туралы келесідей мәлімденеді: «1874 жылы қазан айында Арасан болысының қырғызы Сыртан Бокин уездік басқармаға 11 және 9 жастағы екі ер балаларын ертіп әкеліп, училищеге оларды оқу ақысын, тамақ, жатын орын шығындарын төлеуді талап етпеу, сондай-ақ олардың жанында анасының, оның үлкен әйелінің бірге болу шартымен қабылдауды өтінді. Балалар қабылданып, басқа киіз үйді жалдауға қаржы табылғанша Сыртан берген киіз үйге орналастырылды» (ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс.372. П.11.). Сыртанның «олардың оқуы мен жағдайлары үшін меннен ақы талап етпейсіздер» деген талабын гимназия директорының есеп-рапортындағы мына жолдар растайды: «...Бастапқы кезеңде балалар және олардың анасына, маған аударылған арнайы қаражат есебінен жағдайымыз жасалынды, кейін бұл іс-шаралар болысты басқарушылары арқылы салынған және жобаның ережелеріне сай уезд басшыларының шешімімен тағайындалған айыппұлдар есебінен қарастырылды. Екі бала мен олардың анасының тамақ, отын-су шығындары өте аз болды, әзірше балаларға киім-кешек қажет емес, сондықтан айыппұлдан түскен ақша әрдайым және өте аз мөлшерде (3-тен 6 сомға дейін) болғанымен де қазақ мектебінің капиталын құрайтын депозитке бөлініп, жинақталуда» (ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс.372. П.12-13.).

Барлыбек Сыртанов Верный гимназиясында өте жақсы үлгеріммен, үлгілі тәртіппен ерекшеленді. Бұл турасындағы құжаттарды ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 94-қорынан табуға болады (ҚР ОМА. Қ.94. Т.1. Іс.).

Гимназияны үздік тәмамдап, 1886 жылдың тамыз айында Петербордағы Императорлық университетке оқуға қабылданған. Оның сол кездегі танымал оқу ордасында білім алуына Верный гимназиясының директоры Д. Новактың септігі тиген. Ол Барлыбектің университет қабырғасында оқуы үшін арнайы қаржы бөлуін сұрап, Жетісу облысының әскери губернаторына өтініш білдірген. Осы қамқорлыққа толы өтініште келесідей айтылған: «7-сынып оқушысы - Сыртанов Бардыбек, оқуын жоғары оқу орнында жалғастырғысы келеді, бірақ жоғары оқу орнын жалғастыруға ата-анасының қаржысы болмағандықтан, жоғары мәртебелі мырза, Сізден ол үшін қарамағыңыздағы қаржыдан қандай да бір мүмкіндікті қарастыруды кішіпейілділікпен өтінемін, оның үстіне мінезі өте кішіпейіл Бардыбек Сыртанов гимназия курсына өзін тамаша ұстады және бұратана ретінде еңсеруге тура келген қиындықтарға қарамастан, сынақтарға жіберілу үшін қойылған баллдар дәлелдегендей, оқу жетістіктерінің өте жақсы нәтижелерін көрсетті. Мен сізден басымды ие отырып, осы елдегі алғашқы қырғызға жоғары білім алу мүмкіндігін беруіңізді сұраймын, бұл бүкіл қырғыз сословиесіне жақсы әсер ететіні сөзсіз» (ҚР ОМА. Қ.64. Т.1. Іс.2911. П.2.).

Осылайша, Барлыбек өлкеден тұңғыш болып Жетісу әскери губернаторының қолдау көрсетуімен Петербордағы Императордың университет қабырғасында білім алуға

қабылданды. Бұны Санкт-Петербургтегі тарихи архивте сақтаулы Барлыбек Сыртановқа берілген куәлік растайды. Куәлікте былай деп жазылған: «Мұны көрсетуші мұсылман дінін ұстанушы Бардыбек Сыртанов, қырғыз, 1866 жылы Жетісу облысы Қопал уезінде туған, Верный гимназиясын бітіргені туралы куәлігі бойынша 1886 жылы тамызда Санкт-Петербургтегі Император университеті студенттерінің қатарына қабылданған. және шығыс тілдері факультетінің араб-парсы-түрік-татар разрядына оқуға түскен» (Ресей мемлекеттің тарихи архиві. Қ.14.Т.3. Іс.25876. П.40.).

Университеттің 1886-1887 академиялық оқу жылының I-жартысында араб тілі (аптасына 6 сағат), Шығыс тарихы (1), халықаралық құқық (3), неміс тілі (2) пәндерін оқыған (РМТА, Қ.14. Т.3. Іс.25876. П.46.) Елінен жырақта, үкімет бөлген шәкіртақыға Петербор тәрізді үлкен қалада білім алып, өмір сүрудің қиындығы мен қаржының жетіспеушілігі тек сонда оқыған жастарға және тарихшы-зерттеушіге аян. Сол себепті Петерборда ғана емес Ресейдің басқа қалаларында жоғары оқу орындарында білім алған қазақ жастары өздері туған облыстардың губернаторларының атына өтініш жазып, көмек сұраған. Сондай өтініштің бірін 1888 жылы Барлыбек те жазған. Өтініші қанағаттандырылып, оған 100 сом ақша көлемінде бір реттік шәкіртақы берілген (РМТА. Қ.14.Т.3. Іс.25876. П.23.).



Сурет 1. Студент - Барлыбек Сыртанов
(РМТА. Қ.14. Т.3. Іс.25876. П.4.).

1890 жылы университетте шығыстану факультетінің түрік-татар және араб-парсы тілдері мамандығын бірінші дәрежелі дипломмен тәмамдады. Студент шағында Ресей империясының астанасында түрлі саяси тартыстарға куәгер атанып, орыстардың мәдениеті мен өнерін тани білген Барлыбектің санасы қарқынды дамыды. Барлыбектің алған білімінің, қоршаған ортасының және түйгендерінің нәтижесінде ол шын мәнінде ұлтжанды, халқына адал, елінің тәуелсіздігі үшін күресуші тұлғаға айналды, себебі Барлыбектің балалық және жастық шағы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау кезеңіне сәйкес келді.

Университетті ойдағыдай аяқтаған Барлыбек 1891-1894 жылдары Ташкент қаласының Түркістан генерал-губернаторлығының Қазыналық палатасында бас кеңсе қызметкері болып жұмыс істеген. Осы қызметінде оған алқа хатшысы шені берілген. Жетісу облыстық әскери губернаторының бұйрығымен 1894 жылдың 29 қыркүйегінде облыстық басқармаға іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған. Қызметінде жергілікті халық өкілдерін отарлық биліктің жасаған әділетсіздігінен заң бойынша қарап, олардың құқықтарын қорғап отырған. Барлыбектің адам құқықтарын қорғаудағы қызметіне кезінде Алаш арысы Мұхамеджан Тынышбаев шынайы баға берген еді. «Теңдікке қол жеткізе алмағандар Барлыбек пен оның туған інісі Тұрлыбекке келіп, теңдік алып, мұңдарын басатын еді. Олардың сөзінен ешқашан облыстың орыс, қазақ-қырғыз халқы да, ешкім де тысқары қалған емес» деген жетісулық

қайраткердің сөздері - айтылғанның айғағы (Тынышбаев, 2001:83). Сол себепті де биліктегілер оны сырттай бақылап, әрбір басқан қадамын аңдыған.

Жетісу облыстық басқармадағы қызметінде Барлыбек ағартушылық идеясын таратумен де айналысты. Ол Ахметкәрім Зейнулин деген ауқатты адаммен бірігіп, қазақ балаларының білім алу мәселелерін шешуге ұмтылды. Оқуға қажетті құралдар алдырып, білім алуға талпынған жастарға қол ұшын созған. Өзі оқыған Верный ерлер гимназиясына Мұхамеджан Тынышпаевты, Қанатхан Сыртановты тартқан. Сонымен қатар «Семиреченские областные ведомости» газетінде «Бұратана бөлімі» деген айдар ашқан (Федоров, 1925:46). Атынан көрініп тұрғандай, бөлімде жергілікті тұрғындардың мұң-мұқтажы, ауыр тұрмыс-тіршілігі, көкейкесті түйткілдер туралы мәселелер басылды. Алайда отарлық биліктің мүддесіне қайшы келген бөлім көп ұзамай жабылып қалды.

Жетісудағы отарлау саясаты бірнеше бағытта жүргізілгені белгілі. Оның ішінде шаруалар отарлауы еді. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп білетін қазақ үшін негізі мал болғандықтан және оны жайылымдармен қамтамасыз ету қажеттігі туындағандықтан, Жетісу өлкесіндегі жер мәселесі Барлыбекке қатты әсер етті. Туып өскен жеріндегі ахуалды не әдеби кітаптардан, не көзі көріп куә болған оқиғалармен түсінген азамат бұл мәселелерді ұлт мүддесіне сай шешуге тырысты. Дегенмен, Барлыбек орасан державаның қуатына төтеп беруге әлсіз болды. Отарланған өңірдегі ахуал мүшкіл болып қала берді.

XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында қазақ жеріне орыс шаруалары көптеп қоныстанды. Патша өкіметі қазақ жеріне келімсектерді орналастыру саясатын жеделдету үшін, 1904-1905 жылдары Қазақстанды қоныс аудару аудандарына бөлді. Осы бағытта XX ғасырдың бас кезеңінде Жетісу қоныс аудару басқармасы құрылды. Отарлау мақсатында бой көтерген Қоныс аудару басқармалары тұрғылықты халықтың «артық» деп табылған жерлерін тартып алып, қоныс аудару телімдерін дайындауға кірісті. Әр жылы Жетісу облысы бойынша кіші аудандарда қоныс аудару телімдерін құру жоспарланды (Сборник законов, 1909). Осылайша, Жетісу облысындағы Қоныс аудару мекемесі С.Н. Велецкийдің тікелей басшылық етуімен патша билігінің отаршыл саясатын іске қосты (Велецкий, 1916). Патша қызметкері А.Л. Трегубов өз зерттеу жұмысында Жетісу өлкесінде бос жатқан жердің көптігін айрықша сөз етіп, 1 миллионға дейін орыс шаруаларын орналастыру мүмкіндігі бар екенін айтты. Қытаймен шекаралас өңірде ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдарды көбірек орналастыру қажет деген қорытындыға келген.

Ресей өкіметінің әкімшілік билігі тұрғылықты қазақ халқын өзінің мәдениеті мен діни наным-сенімінен алыстату үшін орыс халқының мектептері мен шіркеулерінің сандық мөлшерін көбейтті. Бұл тұста, өңірдің бұрынғы халқы медреселер мен мешіттерді салудың орнына, ауыр жағдайларға тап болды. 1905 жылы Ресей империясының үкіметі арнайы жарлықпен миссионерлік саясаттың аясында мұсылмандардың барлық мешіттерінде патша II Николайдың суретін ілу қажеттілігін жүзеге асыра бастаған. Бір жағы мұсылман халықтардың жаппай наразылығынан бас көтерулердің туындауынан, екінші жағынан шын мәнінде бұл әрекеттің заңға қайшы екендігін дәлелдеген Барлыбектің талабынан сескенген губернатор мұндай нұсқаудан бас тартқан.

1903-1907 жылдары Барлыбек Жетісу өңірінің Қытай елімен тоғысқан шекара аумағын тексеретін тобының мүшесі болып, айтарлықтай жұмыс істеді. Шекарадағы межелерді картаға түсіріп, белгіледі. Қазіргі Жетісу, Алматы облыстарының Қытаймен шектесетін Барлыбек Сыртанов белгілеген шекаралас межелері күні бүгінге дейін өзгертілмеген.

Столыпиннің аграрлық реформасына орай Жетісу өңірінде шұрайлы жерлерді тартып алып, қазақ халқының тұрмысын қиындатқан келімсектер легін азайту мақсатында Барлыбек Сыртанов барлық күшін жұмылдырды. Осы мезетте ерекше атап өту керек, Барлыбек ата-бабаларынан қалған жерді отаршылдық саясатқа қарсы тұру арқылы қорғап, Жетісу халқын осы маңызды іске жұмылдыруға тырысты. Бұл мақсатпен ол съезд өткізіп, қазақ халқынан алынған жерлерді қайтаруды күн тәртібіне қосуды қадап айтты. Мұндай әрекеттерге тосқауыл қою мақсатында, 1910 жылдың 21 қазан айында Ұзынағаш жерінде облыстың қазақтарын

жинап, кеңес ұйымдастырды (Сыртанов архиві, Т.1.Б.13.). Кеңесте өзі баяндама жасап, жерінен айырылып, шөл және шөлейт жерлерге ығысқан жұртшылықтың қиын ахуалын, отарлаудың қияметін баса айтты. Жердің тапшылығы мен қиындықтарына ұшыраған халықтың рухын жігерлендіріп, өзі жасаған баяндамада ол халықты бірлік пен тай-таласқа үндеді: «Ел-жұртым, қара шекпенділер күн сайын өңірімізге қоныстанып жатыр, жағдайымыз қиындап барады, күн көруіміз ауыр болып барады, құнарлы жерлердің барлығы қарашекпенділердің үлесіне өтіп, тартып алған жерлерден қазақ бос далаға сауғалады. Бұлайша үнсіз қалуымыз жарамас, оянуымыз керек, ата-бабамыздан қалған жерімізді сақтау - біздің басты міндетіміз. Қарашекпенділердің қоныстануын тоқтату үшін қазақ болып бірлесуіміз керек» (Сыртанов архиві, Т.1.Б.4.). Осы мақсатты көздеген Барлыбек 1911 жылы қазақ халқының мәселелерін патша үкіметінің басшыларына жеткізу үшін Петербургке сапар шеккен. Сырқатына қарамастан, Барлыбек Сыртанов Жетісу облысындағы қазақтардың, қырғыздардың, сарттардың, ноғай жұртшылығының патша үкіметінің жерді отарлау саясатына қарсылықтарын, жер мәселесінің күрделі жағдайын, қазақтардың дәрменсіз күйін аса батылдықпен жеткізеді. Өтініште былай делінді: «1905 жылдан бастап Жетісу облысында қырғыздар (қазақтар) пайдаланған жерлерден қоныс аудару учаскелері бөлінді. Жергілікті қоныстандыру ұйымы жыл сайын көктемгі қар суы ерігеннен кейін қоныстандыру учаскелеріне қазақтардың шұрайлы жерлерін, қыстауларын, бау-бақша алып жатқан мәдени алқаптарын, жасанды арықтармен және суармалы арықтармен суарылатын жасанды тоғайларын, егістік жерлерін алады. Қазақтарды қуып жатыр. Қазақтардың арызы қанағаттандырусыз қалуда... Қоныс аудару басқармасының жергілікті қоныстандыру ұйымының қазіргі тәжірибесі халықты жер иеліктерінен, мәдени дақылдар алқаптарынан айырып қана қоймайды, қолданыстағы заңға қайшы келеді... Жетісу облысындағы 800 мың қазақ халқы өздерінің заңды, өмірлік маңызды мүдделерін қорғай алмай түңілуде және отырықшы халық үлесінің мөлшерінде жер бөлуді сұрауға мәжбүр болады, дегенмен бұл көшпелі шаруашылықтың күйреуіне әкеледі және 800 мың тұрғынға, көшпелі өлкеге кедейшілік қаупін төндіреді» (Сыртанов архиві, Т.1.Б.4.). Барлыбек өзіне халықтың аманатын орындау тапсырылғандықтан, ол патша өкіметінің шенеуніктеріне жүгінуіне тура келді. Бірақ оның сөзін ешбір тірі жан елемеді. Ресейдің қатыгез, халық пен ұлт мүддесіне алыс тұрған аппараты оның сөзіне мүлдем құлақ аспады. Барлыбек Сыртанов XX ғасырдың бас кезіндегі мұсылмандық қозғалысқа қатысқан. Алайда бұл турасында зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен архив деректері оның түркі халықтарының бірігуі жолында өлкенің ықпалды адамдарымен қарым-қатынас жасағанын дәлелдейді. Түркістан аудандық күзет бөлімі бастығының 1912 жылдың 20 қазанындағы №5358 жазбасында Верный тінту пункті меңгерушісінің жеткізуінше, осы қалада тұратын Құдыс Ғабдуалиев деген татардың Жетісу облысының мұсылмандарымен тығыз байланыс орнатқан, бұның өзі панисламизм мақсатында барлық мұсылман халықтарының бірігуін көздейді. Тінту кезінде Қ. Ғабдуалиевтың Тоқмақ, Пржевальск, Жаркент, Лепсі, Қопал және Гавриловка селосында тұратын адамдармен байланыс жасағаны, оларға хат жазғаны анықталған (Алматы қ.МА. Қ.390. Т.6. Іс.31. П.3.).

Хаттардың бірінде Қопалда тұратын қазақ – Бардыбек Сыртановты Петербургке жібергені туралы айтылған. Сапардың мақсаты - жоғарғы үкімет алдында қазақ жерлері мәселесін қою. Осы мақсатты пайдаланып, Б. Сыртанов тағы бір құпия шаруаны атқаруға тиіс болған. Осы соңғы мәселе Қ. Ғабдуалиев пен Б. Сыртановтың хат алмасуларына әсер еткен. Қ. Ғабдуалиев Б. Сыртановтың жолына ақша жинаған. Б. Сыртановтың сапарының мақсаты құпия сақталғанымен тергеуге алынғандар олардың кейбіреуін айтқан. Мәселен, облыста муфтиат құру, мектептер мен медреселер ашу, мұсылмандарды біріктіру. Барлық шаруаның бастамашысы әрі ұйымдастырушысы Бардыбек Сыртанов екені айдан анық. Сондықтан да Қопал уезінің бастығына оның үйінде тінту жүргізу тапсырылды. Тінту шұғыл түрде жүргізілді. Алайда Ғабдуалиевтың ісі бойынша тінту жүргізілгендігі Сыртановқа жетсе керек, оның үйінен басқасын былай қойғанда жазу қағазы да табылмады (Алматы қ.МА. Қ.390. Т.6. Іс.31. П.3.).

Ары қарай хатта «Сыртанов жоғары білім алған, ол тек облыс мұсылмандары ғана емес одан тысқары жерлерде де танымал, зор ықпалды адам», - деп жазылған (Алматы қ.МА, Қ.390. Т.6. Іс.31. П.5.). Міне, осы Петерборға барған сапарында Барлыбек Сыртанов сол кезде күллі мұсылман қауымына кең танымал Әлихан Бөкейхановпен кездескен (Өзбекұлы, 1996:89). Ұлт игілігі жолындағы ортақ мақсат Әлихан мен Барлыбектің достығына, қазақ халқының азаттығы үшін күресті бірге жүргізуге жол ашты.

Барлыбек қазақ халқының құқықтарын империядағы басқа ұлттармен теңестіру, елінің егенмендігі мен білім беру ісін дамыту жолындағы күресін ешқашан тоқтатпаған. Халықтың өзекті мәселелерін шешу үшін белсенді күресті және осы мақсатпен бірнеше еңбек жазды. Барлыбек өз шығармаларын жариялау кезінде жансыздар мен тыңшыларды жаңылыстыру үшін «Алатау баласы» немесе кейде «С.Б. Алашинский» деген жалған аттарды қолданған (Дала уалаятының газеті, 1994). Мұнда Алашинский деп, алты Алаштың ұлы деген мағынада түсініп, бабалардың жолын ұстанғанын айтуға болады.

Барлыбек Сыртановтың Ресей астанасындағы кітапханаларда ұзақ уақыт жұмыс істеп, көптеген зерттеулерді зерделеп, өз ой елегінен өткізіп, саралап жазған еңбектерінің бірі – «Қазақ елінің Уставы» (Жарғысы). Оның бұл жұмысы расыменде нағыз қазақ елінің Конституциясы атанды. Бұл еңбектің кіріспесінде тарихқа байланысты келесідей ой-кезектер айтылған: «Қазақ елінің Жарғысы» расында Қазақ елінің шынайы Конституциясы болды. Бұл еңбектің кіріспесінде тарихқа байланысты келесі идеялар айтылады: «Қазақ халқы ежелгі ұлт өкілдерінің бірі болып табылады және халқының тарихы көне дәуірден бастау алады. Ол дербес мемлекет ретінде өмір сүріп, өз елін және жерін қорғады. Халқының саны 7 миллионға жетіп, Ресейде үшінші орынға ие болды. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары қазақтар бірліктің болмауынан қалмақтардың күшті әрі үлкен әскерімен күресе алмады. Алайда, Үш жүздің дана азаматтары бір тудың астына топтасып, қалмақтарды жеңіп шықты. Хан асығыс шешім қабылдап, Кіші жүздегі қазақтарды Ресейге бағындырды. Ресей патша билігі шарттасқан келісімді бұзып, қазақтың жерінде бекіністерді салып, жаулауды күшейтті, орыс шаруаларын арттырып, қазақ халқының жері мен табиғи байлықтарын тартып алып, қазақтарды өз жерінен айырып, шөл мен құмға ығыстырды...» (Дала уалаятының газеті, 1994:15). Автор қазақ тарихына қысқаша шолу жасап, елдің отарға айналу себептерін түсіндіруге тырысқан. Отарлау саясатының салдарын анық көрсете білген. Бұл орайда, Барлыбек тәуелсіз және азат ел болу үшін жарғының қажеттілігін түсініп, конституцияны дайындаған.

Төрт бөлімнен тұратын «Қазақ елінің Уставы» әзірленді. Ондағы «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында», «Адам баласының хұқы турасында», «Қазақ жері турасында», «Сот турасында». «Қазақ Елі республикасының жеке болуы турасында» бөлімдерінің тарихи маңыздылығы өзекті, себебі ондағы қарастырылған идеялар бүгінгі таңда егеменді республиканың қоғамдық-саяси өмірінде толығымен жүзеге асқан. Мұның нәтижесінде Барлыбек армандаған тәуелсіз республика әлемге танылып, өз салтанатын орнатуда. Алаш кеменгерінің анық жазып, оның өміршеңділігін қалаған Конституцияның қазақ халқының дербес мемлекет ретінде дамуымен байланысты аспектілеріне зейін салайық.

«4. Қазақ еліндегі ең жоғары басқарушы орган – Ұлт Мәжілісі. Мәжіліс мүшелері дауыс беру арқылы Қазақ Елінің Президентін төрт жылдық мерзімге сайланады.

5. Бір Президент мемлекетті екі мерзімнен көп басқаруға құқысыз.

6. Президент қазақ елін басқаруды министрлер арқылы жүзеге асырады. Министрлерді Президент өзі таңдағанымен, Ұлт мәжілісінің дауысымен шешім қабылданады.

7. Министрлер өздерінің атқарған жұмыстары бойынша Президент

8. тің һәм Ұлт Мәжілісі алдында есеп беріп отырады. Қазақ елінде билік заң шығару, орындау һәм сот билігі

деп бөлінеді. Үш билік бір-біріне тәуелді емес және бұл бассыздықты тоқтатудың белгісі болып табылады», - деп көрсетілген тармақшалар Барлыбектің жарғыны әзірлеуде кеңінен ізденгенін аңғартады (Сыртанов архиві, Т.1. Б.7-35.). Әрі оның білімділігі туралы да хабардар етеді. Бұл

үзінділер Барлыбектің құқықтық мемлекеттің ерекшеліктерін дөп көрсеткенін дәлелдейді. Бүгінгі таңда егемен елімізде Барлыбек ұсынған құқықтық мемлекеттің белгілері жүзеге асырылған. Саяси билік үш тармаққа бөлініп, атқарушы, заң шығарушы, және сот билігі ретінде өз функцияларын орындайды. Барлыбектің Ұлт мәжілісінің орнына қос палаталы парламенттің келгені, Сенат және Мәжіліс арқылы күллі қауымға белгілі.

Жарғыда басты назар аударатын аспекті жерге қатысты айтылған. Барлыбек оны былай дейді: «19. Қазақ Елінің жері сатылмайды, оны Құдай адамзаттың пайдалануына жаратқан».

20. Жердегі кен, орманы, суы, көлдері һәм таулары қазақ еліне тиесілі. Мал бағу, егіншілікпен шұғылдану, үй салу, жерді өңдеу және оны тиімді мақсаттар үшін қолдану үкіметтің рұқсатымен жүзеге асырылады», - деп жазылған (Сыртанов архиві, Т.1. Б.7-35.). Бұл жерде автор жердің қазақ үшін басты байлық болатынын меңзейді. Барлыбек Сыртанов жер туралы: "...Құдай жерді адамзаттың пайдалануына жаратқан", - деп атап көрсетеді, өйткені жер дауы XX ғасыр басында аса өзекті мәселелердің бірі болған. Столыпіндік аграрлық реформаны жүзеге асыру барысында патша үкіметінің «жерге орналастыру» саясаты бойынша жергілікті тұрғындарға жан басына 15 десятинадан жер үлесін беру тәртібі енгізілді. Осыған байланысты қазақ шаруаларының бір бөлігі кең көлемде отырықшылыққа өте бастаған. Жерден айырылып қалу қаупі төнсе де «отырықшы норманы» алған шаруалар өз үлестерін сатып жіберіп, жалға беріп отырған. Соның салдарынан жерді тартып алу, сату, мердігерлікке беру, сыйға тарту сияқты әрекеттердің көбеюіне байланысты жағдай ушығып кетті. Осы кезеңде қазақтардан 45 миллион десятина жер тартып алынып, Ресейдің орталық аймақтарынан келген көшіп келушілерге берілді. Жерсіз қалған жұртшылықтың ырысы да жоғала бастады. Сондықтан Барлыбек «отырықшы нормаларға», әсіресе, жерді сатуға қарсылық білдіріп қана қоймай, оның халық үшін өте зиянды екенін атап өтті. Себебі аграрлық реформа қарашекпенділердің қазақ жерлеріне көптеп қоныстануына, қазақ халқының жерден айырылып қалуына, көшпелі шаруашылықтың үргесінің сөгілуіне әкелді.

Б. Сыртанов «Алатау баласы» деген бүркеншік есіммен «Дала уалаятының газетінде» және т.б. мерзімді басылымдарда өз заманының өзекті мәселелеріне арналған бірқатар малалалар жариялаған. Барлыбектің «Бұқарбай балаларының «Ынтымақ ережесі», «Партия һәм низамсыз жинаған алым» деп аталатын мақалаларының басты мақсаты халықты бірлік пен ынтымаққа шақыру, ата-баба дәстүрлеріне сай тәрбиелеу, рушылдықтан арылу және өзге де ұқсас мәселелерді шешу, «Партия һәм низамсыз жинаған алым» бұл мақаласында болыстардың әділетсіздік көрсеткеніне және рулар арасындағы қақтығыстарды терең ашып сипаттаған. «Орыстар болыстық, билік һәм старшындық қызметтерді енгізгенде, олар қазақ халқы өз мүддесін ойлайтын, елге қызмет ете алатын адамдарды сайлайды деп ойлаған еді. Алайда, бұл үміттері ақталмады. Болыс, би, старшындар халыққа қызмет көрсетудің орнына, оларды өздерінің пайдасына пайдалануды жөн көрді. Халыққа жасағандары көбінесе зорлық-зомбылық» - дегені осының дәлелі (Дала уалаятының газеті, 1994).

Барлыбек өзінің осы мақаласында билік, болыстық мансаб жолында руларға бөліну мен жұртшылықты тонап, талан-таражға салу халық арасында кең тарағанына наразы болған «Бір ру екінші руды жау санап, бір-біріне жат көзбен қарап, жағдайы келсе бірін-бірі жоқ қылады... Сайлау алдында жарты жыл немесе бір жыл бұрын байлар өз ықпалын күшейту үшін халық арасындағы сыйлы адамдарға ат, май, шай, ақша, шапан сыйлайды» деп, - мансап пен билікке қол жеткізу үшін ел ішіне іріткі салып, бірлікті бұзатындарды сынға алған. Қара бастарының қамын ойлағандардың діттеген мақсатына жету үшін пәреқорлықты өршіткендеріне налыған. «Мұны бергенде елден жасырын түрде бергені дұрыс болар еді, ал олар керісінше, көп бергендігімен мақтанады, халыққа көрсетіп, пәре таратады. Өзінің мал-мүлкін, ақшасын бермей, халықтан жиналған «шығын» мен «жұртшылық» деп алынған қаражатты пайдаланады. Сайлау кезінде қазақ арасында алдымен елубасыларды сайлайды» дегені осының айғағы. Абайдың сөзімен айтқанда «бас басына би болған өңшең қиқымның» ұят, ар деген қасиеттерді ұмытып, жаға жырттысып, бас жаруға дейін барып отырғандарын «Мұндай жағдайда әркім өз адамдарын орналастыруға тырысып, бір-бірімен жанжалдасады. Араларында араздық пайда

болып, қатты төбелесіп, қанға бөгіп кетеді...» деп көрсеткен (Дала уалаятының газеті, 1994:492).

Барлыбек Сыртанов өз мақалаларында жер мәселесінен бөлек, оқу-ағарту мәселелеріне де ерекше тоқталып өтеді. Білім және ғылымның маңыздылығын тереңнен алып түсіндірген. Қазақ елінің қараңғылықтың көлеңкесінде қалғанына наразы болып, келесідей жазады: «...Білімпаз халықтар біздің теріміз, жүндерімізді жоғары бағалайды, олардан шұға мен былғары жасайды. Өздері қалағанынша әлемді аралап, кедергісіз мұхиттарды кесіп өтіп, Сүлеймен патшаның ақылымен жаратылғындау от арбалары мен кемелерге мініп, дала, тау және су айдындарынан өтіп жүргенде, ақ шайтанның күшімен адғандай, жердің түкпірінен телеграммалар арқылы хабар алғанда, біз қазақтар олардың бірінде де түсінбейміз...» (Дала уалаятының газеті, 1994:541-542). Қараңғылықтың көлеңкесінен шығуды, білім мен ғылымды игерудің маңыздылығын Барлыбек қадап айтқан. Ұлт кемеңгері білімге құштар жұртшылықтың тұрмысы жақсаратынын ескертті: «Ғылымның жолымен жүретін халықтар көбейіп, күшейіп келеді. Олар ақыл мен ғылымның жетістіктерінің арқасында қуанышқа бөленіп, алдынды ешқандай кедергі көрмейді. Олар ғылым мен техниканың түрлі жетістіктерін от пен су, бу, электричествоға (электричество деп жайдың әсерін айтады) пайдаланып, өмірлерін жеңілдетуде. Ғылымның арқасында адамға қажетті нәрселерді оңай табуға болады. Егер жақсы адаммен сырлассаң, пайдасын көресің; ал жаман адамға жолассаң, зиян шегесің. Бізде жағдай басқаша: біз өнер мен ғылымды, кәсіпті, білімді игеруді білмейміз, тек табиғаттың таза ауасына риза болумен жүрміз. Мұндай өмір сүру арзан болғанымен, ертеңгі күнді ойламай, өз өмірімізді жақсартуға көңіл бөлмейміз. Мал мен егін шаруашылығына арналған жер азайғандықтан, өмір сүру қиындап барады. Бізге ғылым мен білімді игеріп, һәм өзгеге де пайдалы болу жолдарын үйрену қажет. Біз әлі де ғылымның мүмкіндіктерін толық түсініп, дұрыс пайдалану жолдарын меңгергеніміз жоқ.» - деп, қазақ халқының болашағын ойлаудың уақытының әлдеқашан келіп жеткеніне назарын аударған уалаятының газеті, 1994: 541-542). Өз ұлтының қазіргі жағдайы мен болашағына алаңдаған бірегей зиялы адам, құнарлы жерінің тарылуы мен малдың әлсіреуіне қарамастан, әлі де егіншіліктің қыр-сырын игере алмай отырған елінің қиындықтарын өз атынан жеткізіп, білім алып, оқуға шақырды.

Елді білім алуға ынталандырумен қатар, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, Б. Мәмбетов, Н. Жакыпбаев, Қ. Боранбаев, О. Жандосов, Ж. Бәрібаев, Ы. Дүйсенбаев сияқты жастардың Верный қаласындағы гимназияға түсуіне тікелей ықпал етті (ҚРОМА. Қ.135. Т.1. Іс.564. П.1.). Сондай-ақ, Барлыбек Сыртанов 1909 жылы Қапалда Сейтбаттал Маманның қазақтың балалары үшін мектеп ашуына қаржы аударуына өзіндік үлесін қосқан болатын. Халық арасында үлкен беделге ие Барлыбек Сыртановтың ұсынысын ескерген С.Маманов, кейінірек Тұрысбек және Есенқұл Маман мектеп тұрғызып, қазақтың жас балаларына зор қолдау көрсетіп, демеу болды. (Есенқұлұлы, 2009). Қазақтың тарихында бұл мектеп Мамания деген атпен танымал болды. Жетісуға өз заманында кеңінен танымал болған, Маман байдың Тұрысбек, Сейітбаттал, Есенқұл есімді ұлдары қазіргі Ақсу аулынан 12 шақырым жердегі Қарағаш елді мекенінде XIX ғасырдың соңында үш сыныптық мектеп салдырып, өздері қаржыландырды. Мектептің құрылыс жобасы, оқу бағдарламалары, ережелері Уфадағы Ғалия медресесінің білім беру тәжірибесіне негізділді. Мектеп бірте-бірте кеңейіп, 1904 жылы алтыжылдық, 1909 жылы сегізжылдық зайырлы оқу орнына айналды. Пансионаттағы балалар саны 60-тан 200-ге дейін көбейді. Мұнда арнайы оқу орындарын бітірген қазақ мұғалімдері және Қазан, Уфадан шақырылған білікті оқытушылар сабақ берді. Дәріс берген мұғалімдердің арасында қазақ зиялыларының белгілі өкілдерінің бірі, Каир университетін тәмамдаған Ғ.Мұсағалиев те болды. Мектепті үздік тәмамдаған түлектер Орынбор, Троицк, Қазан қалаларына оқуға жіберілсе, қалғандары Ақсу, Қапал, Лепсі уездеріндегі мекендерде балаларға хат танытып, мұғалімдік қызметін атқарды. Сондай түлектердің арасында Б. Сүлеев, І. Жансүгіров, М. Ермектасов, Ә. Жайшыбеков болды. Сабақ ана тілінде жүргізілді. Қазақ тілі, орыс тілі, география, арифметика және т.б. пәндер оқытылды.

Барлыбектің қоғамдық қызметі жайлы тарихи құжаттарда оның Мамания мектебімен байланысы келесідей сипатталған: «Б.Сыртанов жергілікті ауқаттыларға мектеп салу туралы ұсыныс жасайды және сарқандтық мұғалім Файзрахман Жихангеревпен (ол 1964 жылы Ташкентте қайтыс болған) келісіп, Мамановтарға мектеп салып, ашу туралы қолқа салады, олар келіседі, содан кейін Сейітбаттал Маманов Алматыда Сыртановта қонақта болып, Алматыдағы-Верныйдағы ерлер гимназиясының жоспарын алады, осы жоспар бойынша мектеп 1909 жылы салынды. Қарағаштағы бұл мектеп жақсы есімде, мектепті 1930 жылдары Махмұтов бұзған. Сыртанов ақсақалдар арасында жиналыс ұйымдастырып, ұлдар мен қыздарды оқыту, сонымен қатар көшпеліліктен отырықшылыққа көшу үшін мектеп ашу жөнінде кеңес береді. 1 гильдия көпесі Шаяхмет Әбсаттаровқа Матай және Жалайыр арасында 2 мектеп ашу туралы ұсыныс жасайды» (Мамания, 1999). Көріп отырғанымыздай, Барлыбек халқының санасы ашық, көзқарасы кең, ой-өрісі зерделі болуына және оның дамуына оқу-білімді насихаттау арқылы зор үлесін қосқан.

Осылайша ұлт зиялысы Барлыбек Сыртанов өмірін қазақ халқының мүддесі үшін бар ғұмырын сарп етті. Алты Алаштың осындай ұлы тұлғасының өмір жолы мен халқының тәуелсіздігі, мәдениеті және келешегі үшін атқарған қажырлы тай-таласы келешек ұрпаққа үлгі болып табылады. Барлыбектің ғұмыры мен қоғамдық қызметі ғана емес мінезі де баршаға үлгі. Өз заманында Мұхамеджан Тынышбаев оның мінезі туралы былай деп жазған еді: «Біреумен дауыс көтеріп сөйлесу немесе біреуді жамандау, иә жаман әрекеттер жасау сияқты мінездер Барлыбекке тән емес еді. Ол үлкендерге «тақсыр» деп, кішілеу адамдарға «қарағым» деп құрмет көрсететін. Оның мұсылмандық болмысы шынайы еді және «ұлық болсаң, кішік бол» деген нақыл сөзді айқын көрсететін. Барлыбек білімді, білімге жете білген адам болатын. Оның мінезі мен ұстанымдары бір рет кездескен адамға ұзақ уақытқа есте қалатын. Барлыбекті білетін ұлықтар оны шынайы мақтап, құрметтеп, жоғары бағалайтын еді» (Тынышбаев, 2001: 83). Замандастарының арасында Барлыбектің құнды және бағалы қасиеттерін жоғары бағалаған Бақытжан Қаратаев: «Менің ойымша, тек өзің халықтың сеніміне ие болдың. Тек өзің «халық үшін еңбек еттім» деп ауыз толтырып айтуыңа құқылысың», - деп сөз еткен (Федоров, 1925:25). Шын мәнісінде де, тарихи мәліметтер мен уақыт бұл сөздердің жаны бар екендігін растайды.

Қорытынды

Нағыз елжанды, өз Отанын, елін, жерін сүйген және халықтың мүддесін жеке басының мүддесінен жоғары қойған қадірлі азамат 1914 жылы 26 қарашада өкпе ауруынан көз жұмды, Қапалда жерленді. Небәрі 48 жыл өмір сүрген Барлыбек артына өлмейтұғын сөз бен іс қалдырды. Қазіргі Қазақстан Республикасының Ата Заңынан орын алған мәселелерді өзінің Жарғысында көрсетті. Өз заманынан озық болған тұлға Қазақ Елін тәуелсіз, құқықтық, Ұлт мәжілісі, Президент басқаратын мемлекет ретінде көргісі келді. Барлыбектің асқақ арманы орындалды. Заманауи егемен Қазақстанда Барлыбек көрсеткен құқықтық мемлекеттің белгілері көрініс табыпты. Саяси билік үш тармаққа бөлініп, атқарушы, заң шығарушы және сот билігі ретінде өз қызметтерін жалғастыруда. Барлыбектің Ұлт мәжілісінің орнына екі палаталы парламент құрылды, ол Сенат пен Мәжіліс арқылы барлық республика халқына танымал. Б. Сыртанов соңынан 2000-ға жуық өзі жинаған кітаптар қалдырды. Білім, ғылымды жаны сүйетін тұлға оларды оқып қана қоймай, қызметінде пайдаланды. Болашақ жастарға қажет болар деген оймен жинады. Себебі білімді рухани азық деп таныды. Сол үшін Маман мектебін ашуға қолқа салды. Өмірден озған соң кітаптары Қапал маңындағы Қайнар мешітіне тапсырылған. Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров музейінде Б. Сыртановтың 110 кітабының тізімі сақтаулы.

Өзі өмір сүрген кезеңдегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, мақалалар жариялады. Халықтың қамқаршысы болды, еліне адал қызмет етті. Барлыбек Сыртановтың бойындағы асыл қасиеттер - жастарға үлгі-өнеге. Сондай игі қасиеттері, тәлімді, тәрбиелі жастары бар мемлекеттің болшағы зор екендігі даусыз.

Терең білімді, байтақ ой-өрісті, даналық пен парасаттылықты, игілікті бойына сіңірген Алаш арысының тұлғасы ұлттық рухтың бигінде тұраы сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

Алатау баласы – *Алатау баласы*. Партия һәм низамсыз жиналған алым // Дала уалаятының газеті, 1897 жыл // Дала уалаятының газеті. Құрастырушы Ү.Сухбанбердина. Алматы, Ғылым, 1994. 590 б.

Алатау баласы – *Алатау баласы*. Қазақ халқының қазіргі һәм ілгері күні турасынан бірнеше ойға келген сана // Дала уалаятының газеті. 541-542-б. (590 б.).

Барлыбек Сыртанұлы – *Барлыбек Сыртанұлы* (1866-1914). Өмірі, шығармашылығы. Құраст.: Е. Токтарбай. Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2019. 248 б.

Блок – *Блок М.* Апология истории или ремесло историка. Изд. 2-е, доп., пер. Е.М. Лысенко. М.: Наука, 1986. 255 с.

Велецкий – *Велецкий С.Н.* Семиреченская область и ее колония. Итоги работ по колонизации Семиречья за 8 лет (1906-1913 гг.). СПб., 1916. 62 с.

Гуссерль – *Гуссерль Э.* Идея феноменологии. М, ИЦ Гуманитарная академия, 2008, 224с.

Есенқұлұлы – *Есенқұлұлы А.* Қазақтың нобелі. Тарихи деректер, естеліктер, құжаттар, пікірлер, өлеңдер. Жауапты ред. Ш. Күмісбайұлы. Алматы, Баянжүрек, 2009. 179 б.

Лавджой, 2001 – *Лавджой А.О.* Великая цепь бытия – The Great Chain of Being: A Study of The History of An Idea / Пер. с англ. В. Софронова-Антони. М.: Дом интеллектуальной книги, 2001. 376 с.

Қойгелдиев – *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы, «Санат», 1995. 368 б. Қойгелдиев – *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы: екітомдық монография. 1-т. Алматы: Мектеп, 2008. 480 б.

Қойгелдиев – *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы: екітомдық монография. 2-т. Алматы: Мектеп, 2017. 656 б.

Мамания – *Мамания:* тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер. Құраст. Ж. Қалиұлы. Алматы : Атамұра, 1999. 272 б.

Нұрпейіс – *Нұрпейіс К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995. 265 б. Өзбекұлы – *Өзбекұлы С.* Арыстары Алаштың. Алматы, «Жеті жарғы», 1988. 192 б. Өзбекұлы – *Өзбекұлы С.* Барлыбек Сыртанов. Алматы, «Жеті жарғы», 1996. 108 б.

Сборник законов – *Сборник законов* и распоряжений по переселенческому делу и по поземельному устройству в губерниях и областях Азиатской России (по 1 августа 1909 г.). – СПб.: изд. Переселенческого Управления, 1909. – 698 с.

Сорокин – *Сорокин П.А.* Человек. Цивилизация. Общество / Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов; Пер. с англ. М.: Политиздат, 1992. 543 с.

Сыртанов – *Сыртанов Б.* Қазақ елінің Уставы //Б.Сыртанов архиві.1-т. 7-35-б.

Трегубов – *Трегубов А.Л.* Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской области. СПб., 1910. С. 42. (78 с.).

Тынышбаев – *Тынышбаев М.* Таңдамалы. Избранное. Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. 83-б. (332 б.).

Февр, 1991 – *Февр Л.* Бой за историю. М.: Наука, 1991. 632 с.

Федоров – *Федоров Е.* Очерки национально-освободительного движения в Средней Азии. Ташкент, Госиздат Узбекской ССР, 1925. С. 46. (81 с.).

Krasil'nikov S. Korn'i ili shchepki. Krest'yanskaya sem'ya na specposelenii v Zapadnoj Sibiri (1930-e nachalo 1950-h). [A peasant family in a special settlement in Western Siberia (1930s- early 1950s).] Novosibirsk: Izd. dom «Sova», 2008. – 392 s.

Krasil'nikov S. A. Repressivnoe raskrest'yanivanie v SSSR kak issledovatel'skaya problema: podhody i poiski novykh reshenij [Repressive peasant farming in the USSR as a research problem: approaches and search for new solutions]// Krest'yanovedenie. 2024. T. 9. №1. S. 6-22.

Sovetskaya derevnya glazami VCHK – OGPU – NKVD. [The Soviet village through the eyes of the Cheka – OGPU – NKVD] 1918-1939. Dokumenty i materialy. V 4-h t. T. 3. 1930-1934 gg. Kn. 1. 1930-1931 gg. – M.: ROSSPEN, 2003.

Specpereseleni. 3 istorii rozvitku bavovnictva na Hersonshchini u 30-40 roki HKH stolittya: zbirnik dokumentiv. [Special settlers. From the history of the development of cotton growing in the Kherson region in the 30-40 years of the twentieth century: a collection of documents.] Herson: Derzhavnij arhiv Hersons'koï oblasti, 2019. 86 s.

Сведения об авторах:

Жанбосинова Альбина Советовна – доктор исторических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Сведения об авторах:

Жанбосинова Альбина Советқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Information about authors:

Zhanbosinova Albina Sovetovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Поступила в редакцию 17.07.2024
Поступила после доработки 06.08.2024
Принята к публикации 27.09.2024

FTAMP 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-1\(1\)-4](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-1(1)-4)

СЕМЕЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ: 1920-ЖЫЛДАР ТӘЖІРИБЕСІ

Тұрсын М. Хазретәлі¹, Карлыга Б. Мухаметкалиева^{2*}

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті, Семей, Қазақстан

^{2*}E-mail: karlyga.m@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>

<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

Түйіндеме. Бұл мақалада 1920 жылдары Семей губерниясының ауылдары мен уездеріндегі мектептерді қайта құру мен қалыптастыру процесінің тарихы қарастырылады. Зерттеу жұмысы өңірдегі білім беру жүйесінің дамуын көрсететін мұрағаттық құжаттардың, статистикалық мәліметтер мен ресми есептердің талдауына негізделген. Мақалада Халық ағарту комиссариаттарының қаулылары мен жергілікті органдарының нұсқаулықтарымен білім саласында жүзеге асқан шаралардың мазмұны ашылып, талданды. Ауылдық бірінші басқыштағы білім беретін мектептер желісінің және олардың материалдық базасының дамыту процесі қаралды. Үкімет органдарының және ауылдық қоғамдастықтың ауылдық білім берудің қалыптасуына ықпал ету дәрежесі талданды.

Авторлар өңірдегі жаңа білім беру саясатының ұтымды мен осал тұстарын бірдей көрсетеді. Мақалада өңірдегі сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған бірінші басқыш мектептер, коммуна-мектебі, шаруа жастар мектебі (ШЖМ), педагогикалық курстарды құру жөніндегі іс-шаралар кешенді зерделенеді. Әсіресе, көшпелі өмір салтын ұстанатын ауылдардағы қарапайым халықтың ағарту жүйесінде туындаған қиыншылықтары жөнінде маңызды мұрағаттық деректер дәйектелінді.

Халыққа білім беру мен мәдени ағартуды дәріптеуде шешуші рөл атқарған жергілікті билік пен ауылдық қоғамдастықтың қызметіне назар аударылады. Білім беру процесін ұйымдастырушылардың алдында тұрған проблемалар, оның ішінде кадрлар мен оқу материалдарының жетіспеушілігі, оқу ғимараттарының жеткіліксіздігі, сондай-ақ аймақтағы білім беру жүйесінің дамуына саяси және экономикалық факторлардың әсері қарастырылды.

Қорытындылай келе, кеңестік оқу-ағарту ісі ауыл тұрғындарын оқытуда ғана емес, тәрбиелеуге де арналған білім беру саласының жаңа жолын айқындай түскендігі анықталды. Кеңестік оқу-ағарту ісі өлкенің барлық аумағын қамтып, республикадағы зайырлы білім беру жүйесінің дамуының алғышарттарын қалады деген тұжырым жасалады.

Кілт сөздер: кеңестік білім; оқу-ағарту; халықтық білім беру; ауыл мектебі; ауыл мұғалімі; бірінші басқыш мектебі, коммуна-мектебі, шаруа жастар мектебі, оқушы; оқулық.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесін реформалау кеңестік кезеңде жинақталған тәжірибені зерттеуді және қайта пысықтауды, оның оң және теріс қырларын талдауды, жаңа тарихи жағдайларға бейімдеп қолдануды талап етеді. 1920-жылдардағы тарихи тәжірибені білім беруді жаңғырту саласындағы міндеттерді шешуді қолдану тұрғысынан қарастыру біз үшін маңызды, себебі қазіргі жалпы білім беретін мектептердің дамуы мен жаңа экономикалық саясат кезеңіндегі жағдайдың арасында көптеген ортақ сипаттар байқалады. Қарастырылып

отырған жылдар жалпы кеңестік білім беру жүйесін дамытуда қоғамның қатысуының кеңеюімен және мемлекеттік реттеудің күшеюімен ерекшеленді.

Зерттеу жылының басында білім беру жүйесінің тарихи дамуы әлеуметтік трансформациялар мен реформалармен тығыз байланыста болды. Бұл реформалардың маңызды аспектілерінің бірі әртүрлі әлеуметтік топтар арасында сауаттылық пен білім деңгейін арттыруға бағытталған шаралар атанды. Ауылдық жерлерде сауатсыздықты жою мәселесіне ерекше көңіл бөлінді, себебі бұл аймақтардағы білім беру ресурстары мен мүмкіндіктері өте шектеулі сипатта болды.

1920-жылдары Семей губерниясындағы білім беру жүйесін зерттеу осы контекстте ерекше маңызға ие. Бұл кезең өңірде кеңестік биліктің орнауы және сауатсыздықты жою мен ауылдық білім беру инфрақұрылымын дамытуға бағытталған реформалармен сипатталды. Ауыл мектептері білікті педагогтардың тапшылығы, оқу құралдары мен ғимараттарының жетіспеушілігі және оқу процесін ұйымдастырудағы қиындықтар сияқты көптеген проблемалармен кездесті.

Зерттеу жылының басында осы аймақта ауылдық тұрғындар арасында сауатсыздық деңгейінің жоғары болуы ең өзекті мәселелердің бірі болды, бұл әлеуметтік және экономикалық дамудың мүмкіндіктерін едәуір шектеді. Семей өңіріндегі ауылдарда білім беру сауатсыздықты жою мен барлық әлеуметтік топтар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Зерттеліп отырған кезеңде Семей губерниясы бірқатар ерекшеліктерімен өзге аймақтардан айрықша болды. Мысалы, Семей өңірі сол уақыт аралығында өнеркәсіп пен сауданың дамуы бойынша республикадағы алдыңғы қатарлы қалалардың бірі ретінде мәдени орталыққа айналды. Өңірдегі экономикалық дамуды тиімді жүзеге асыру үшін озық техниканы меңгеріп, еңбек өнімділігін арттыруға қабілетті мыңдаған жаңа сауатты жұмысшылар қажет болды. Сонымен қатар, жаңа жұмыс күштері көбінесе ауылдан келген сауатсыз шаруалардан қалыптасты. Мемлекет ауыл шаруашылығындағы мәдени артта қалушылықтың ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына теріс әсерін тигізетінін жақсы түсінді. Ауыл шаруашылығын кең көлемде ұжымдастыру бағытын ұстана отырып, кеңес үкіметі бұл үдерістің ауыл халқының сауаттылығы мен санасының өсуіне тікелей байланысты екенін анықтады. Әсіресе, өнеркәсіптік жұмыс күшіне қосылған ауыл шаруаларына үкімет білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударды (Берриман, 2010:10). Мемлекет үшін сауатсыздықты жоюдың ұлттық экономикалық және саяси маңызы айтарлықтай арта түсті. Сондықтан, Семей губерниясының ауылдарындағы ағарту ісін зерттеу нысаны ретінде тандаудың өзі зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Бұл мақаладағы басты мақсат – Семей өңіріндегі ауыл мектептерінің қалыптасу процесін зерттеу. Бұл зерттеу жұмысы қарастырылып отырған жылдардағы білім беру саласындағы өзгерістерді түсінуге, сондай-ақ сол кезеңдегі әлеуметтік және экономикалық дамудың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуіміздің нысаны – 1920 жылдары Семей өңіріндегі мектеп құрылысының процесін талдау болып табылады. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы 1920-шы жылдарындағы губерния ауылдарындағы білім беру саласына қатысты тарихи материалдарды анықтап, оларды отандық тарихи-педагогикалық дереккөздерді байытуға септігін тигізетін авторлық интерпретациялау мен талдау негізінде айқындалды.

Осы орайда, 1920-шы жылдары Семей губерниясының уездері мен ауылдарындағы мектеп ісін зерттеу мақсатында келесі міндеттер қойылды:

- кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі губерния ауылдарында халықтық білім беру жүйесінің жай-күйін талдау;
- жаңа білім беру жүйесіне патриархалдық қоғамның көзқарасын анықтау;
- ауылдар мен болыстардағы мектептердің құрылысы мен қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін мұрағаттық деректер негізінде қарастыру;
- уездер мен болыстардағы мектептердің өсу-кему динамикасын көрсету.

Материалдар мен әдістер

Семей губерниясының 1920-шы жылдарындағы білім беру жүйесінің жағдайын зерттеу барысындағы мақаланың негізгі көзі - мұрағаттық құжаттар болып табылады. Қазақстан Республикасының Орталық архивінің (одан әрі - ҚР ОМА) Семейдің Губерниялық Халыққа білім беру бөлімінің 81 қоры және Қазақстан Республикасының Президент архивінің (одан әрі - ҚР ПА) 1512 қорының құжаттары пайдаланылып, мақалада дәйектелінді. Бұл қорлардан губернияның уездері мен ауылдарындағы мектептердің ахуалы мен құрылысы, сауатсыздықты жою бойынша қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың жұмысы жөнінде құнды деректер алынды.

Өңірлік архивтердің ішінде Абай облысының мемлекеттік архиві (одан әрі - АОМА) ерекше атап өту қажет. Бұл жерде үлкен құндылыққа ие 415 пен 181 қорларының мәдени құрылыс мәселелері қарастырылған губерниялық комитеттердің партиялық конференциялар мен пленумдарының хаттамалары сақталған. Бұл қордың ақпараттық хаттары мен баяндамалары негізінде орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қызметкерлерінің ағарту жүйесіндегі белсенділігі анықталды. Аталған мұрағат құжаттарын талдау қарастырылып отырған жылдардағы жергілікті халықтың әлеуметтік-мәдени жағдайын, ауыл тұрғындарының сауат ашуға деген көзқарасын, ауыл-аймақтағы мектептегі ісінің даму процесі мен білім беру жүйесіндегі туындаған кедергілерді түсіндіруге мүмкіндік беріп, зерттеу жұмысын жүйелі және үйлесімді деңгейге көтеруге ықпал етті.

Зерттеуде негізінен тарих және қоғамдық ғылымдарда жиі қолданылатын әдіс түрлері қарастырылды. Мақалада тарихи құжаттар мен деректерді зерттеу үшін тарихи талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс Семей губерниясындағы 1920 жылдардағы мектеп ісінің дамуы бойынша мемлекеттік және жергілікті билік органдарының қабылдаған шешімдері, қаулылары, ережелері және бұйрықтары сияқты ресми құжаттарды зерттеуді қамтыды. Бұл дереккөздер сол кездегі білім беру жүйесінің құрылымы, мақсаттары мен міндеттері туралы маңызды мәліметтер берді.

Тақырыпты зерттеу барысында салыстырмалы әдіс негізгі тірек әдістердің бірі ретінде пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы Семей губерниясындағы қала мен ауылды елді мекендердегі мектеп ісінің қалыптасу тәжірибесіне салыстыру жүргізілді. Бұл салыстырулар өңірдегі білім беру жүйесінің ерекшеліктерін, ұқсастықтарын және айырмашылықтарын анықтауға, сондай-ақ, Семей губерниясындағы мектеп ісінің дамуының өзіне тән ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, статистикалық деректерді талдау арқылы өңірдегі мектептердің, мұғалімдер мен оқушылардың саны, балалардың мектеппен қамтылу үлесі сияқты көрсеткіштер талданды. Бұл деректер мектеп ісінің дамуы мен сауатсыздықты жою бойынша нақты нәтижелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Қарастырылып отырған жылдардағы халықтың тұрмыс деңгейін анықтау мақсатында, демографиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіспен 1920 жылдардағы халық саны, оның жас-жыныстық құрамы, әлеуметтік құрылымы, сондай-ақ, олардың білім деңгейі қарастырылды. Бұл деректер ересектер арасында сауатсыздықты жоюдың қажеттілігі мен оның әлеуметтік маңыздылығын анықтауға септігін тигізді.

Өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың білім беру жүйесіне әсерін талдау барысы антропологиялық әдіспен жүзеге асты. Бұл әдіс арқылы Семей губерниясындағы 1920 жылдардағы жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, әсіресе, ауылды елді мекендердегі білім беру саласына әсер еткен факторлар қарастырылды. Зерттеу барысында ауылдық жерлердегі кедейшіліктің, халықтың тұрмыс жағдайының, ауыл шаруашылығының білім беру ісіне ықпалы талданды.

Аймақтағы кеңестік білім беру жүйесінің даму тарихы хронологиялық реттілікпен орналасып, зерттеу жұмысы жүйелілік принципіне негізделіп зерделенді. Осылайша, мақалада қолданылған кешенді әдістер Семей губерниясындағы 1920 жылдардағы мектеп ісі мен ересектер арасындағы сауатсыздықты жою мәселелерін талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Қазіргі таңда Кеңес үкіметінің бастапқы кезеңдеріндегі білім беру жүйесінің тарихы көптеген зерттеулерде талданғанына қарамастан, бұл тақырып қазіргі ғылым үшін әлі де өз маңыздылығын сақтап келеді. Өлкедегі жалпы кеңестік білім беру жүйесінің даму мәселелері әр түрлі кезеңдердегі тарихшылар тарапынан зерттелді.

Бұл тақырыпқа қатысты еңбектер арасында А.И.Сембаев «История развития советской школы в Казахстане» (Сембаев, 1962) пен Ш.К.Біткенбаеваның «Қазақстанда сауатсыздықты жою жайында лениндік декреттің жүзеге асуы (1917-1940 жж.)» (Біткенбаева, 1982) зерттеулерін ерекше атап өту қажет. Авторлар көрсетілген уақыт аралағындағы оқу-ағарту мәселелерін Кеңес үкіметі жүргізген саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырған. Зерттеушілер республика халқының негізінен ауылдар мен орыс деревняларында өмір сүргендігін ескеріп, большевиктік саясаттың ауыл аймақтардағы мәдени-ағарту жұмыстарына ықпалын талдап, қазақ совет білім беру жүйесін тарихын кешенді зерттеген. Әсіресе, қазақ мектептерінде бастауыш және орта білім беру, көшпелі және жартылай көшпелі аймақтардағы мектептердің жаңа формалары мен жағдайы, қазақ мектептерінің даму эволюциясы А.И.Сембаевтың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Зерттеу кезеңіндегі жалпы білім беру мәселелері зерттеуші Ш.К. Біткенбаеваның монографиясында да қамтылған. Ол қазақ ауылындағы сауатсыздықты жою бойынша атқарылған шараларды кешенді зерттеген. Бірақ, автордың еңбектерінде кеңестік білім беру саясаты мен социалистік партиялық ұйымдардың ағарту саласындағы қызметін мадақтау кеңінен орын алады. Дегенмен, кеңес кезеңіндегі басым көпшілік жарияланымдар сияқты, бұл авторлардың еңбектерінде де тарихи-партиялық көзқарастар басым болды және олардың басты назарында партиялық басқару мәселелері тұрды.

Қазіргі таңдағы отандық тарихнамада кеңестік реформаларды бағалау барысында сындарлы көзқарасқа баса назар аударылады. Отандық зерттеушілер білім беру саясатын жүзеге асырудағы қиындықтар мен қайшылықтарды ерекше атап көрсетеді. Мысалы, зерттеуші О.Х.Мұхатова (Мұхатова, 2021) «1920 жылдардағы Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі» еңбегінде мектептердегі кадр тапшылығы, оқу материалдарының жетіспеушілігі және қазақ мектептерінде оқу бағдарламалары жаңартылып, пәндердің мазмұны мен оқыту әдістерінің өзгеруі сияқты мәселелерді қарастырады.

Осы тұста А.М.Әбікей, А.Т.Қайыпбаева, Р.Р.Оспанованың «Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы» (Әбікей және т.б., 2022) мақаласында сауатсыздықты жою науқанының өлкедегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қиындықтар аясында жүргізілгені талданады. Авторлар сауатсыздықты жою саясатының кейбір аспектілерін сынға алып, большевиктік биліктің қазақ халқының мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескермей, науқанды белгілі бір дәрежеде мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырғанын атап өтеді.

Авторлар А.Т. Қайыпбаева, О.Х. Мұхатова, А.М. Әбікей және т.б. (Қайыпбаева және т.б., 2022) «Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар)» атты ұжымдық монографиясында зерттелген кезеңдегі республикадағы оқу-ағарту жүйесінің қалыптасуы мен дамуын жаңаша түсіндіреді. Бұл еңбекте Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариатының және оған басшылық еткен ұлт қайраткерлерінің қызметі суреттеліп, ұлт зиялыларының ағарту саласын дамытудағы үлестері бағаланады. Сондай-ақ, Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқаны мен оқу орындарының тәжірибесі зерделенеді.

Аймақтық зерттеулер қарастырылып отырған жылдардағы оқу-ағарту жүйесінің мәселесін кешенді қарастырып, Семей өңіріндегі кеңестік ауылдарының ерекшеліктерін айқындады. Мысалы, К.Ш. Керейбаевтың «Культурная жизнь Восточного Казахстана в 20-е гг. XX в.» (Керейбаев, 1989) зерттеу жұмысы өзінің бай тарихи деректеріне байланысты қазіргі зерттеушілер үшін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл жұмыста мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың ауыл шаруалар арасындағы сауатсыздықты жою бағытындағы қызметі сипатталады, жаппай сауатсыздықты жою кезіндегі қолданылған әкімшілік шаралар тізімі келтіріледі. Зерттеуші А.К. Богенбаева «История развития народного образования в

Восточном Казахстане в 20-30-е гг. XX века» (Богенбаева, 2003) диссертациялық еңбегінде Семей ауылдарында мәдени жорық кезінде төтенше әдістердің қолданылуы, жергілікті органдардың ресурстарының жетіспеушілігі, ғимарат тапшылығы және кейбір елді мекендердің алыстығы мектеп желісінің дамуына қосымша қиындықтар туғызғандығы туралы жазады. Аймақтық зерттеушілер ауылдық жерлерде сауатсыздықты жою барысында мәжбүрлеу элементтері ерекше қарқынмен пайдаланылғанын атап өтеді.

Шетел тарихнамасында бұл мәселеге қатысты автор Элисон Берриман (Berriman, 2010) еңбегінде кеңестік білім берудің әртүрлі аспектілерін қарастырып, әсіресе кеңес оқушыларының мектептегі білім алу ерекшеліктеріне ерекше назар аударды. Ол жаңа социалистік білім жүйесінің болашақтағы жетістіктеріне болжам жасап, ретроперспективті көзқарас танытады. Ал Шейла Фицпатриктің (Fitzpatrick, 1979) зерттеуінде аталған жылдардағы білім беру жүйесінің нақты көрінісін ұсынады, яғни осал және тиімді тұстарын бірдей анықтады.

Осы авторлардың еңбектерінде оқу-ағарту жүйесінің даму сатылары кеңестік және қазақстандық масштабта қарастырылған. Бірақ Семей губерниясының ауылдарындағы оқу ісінің жағдайы жете зерттелмегендіктен, бұл зерттеу тақырыбының кешенді зерттелу қажеттілігі айқын болып тұр.

Нәтижелер

Семей өңіріндегі ауыл халқының сауаттылығын арттыру, ауыл мектептері мен сауат ашу орталықтарын ашу қозғалысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. Алғашқы ана тілінде оқытатын ауыл мектептері алғаш рет Зайсан уезінің Ақсуат болысында ашылды. Кейіннен мұндай мектептер Нарын, Себе және Қалба ауылдарында да құрылды, бірақ өлкелік ауыл мектептері кейіннен өз қызметін тоқтатты. Дегенмен, ауыл мектептерінің қызметін жалғастыру 1919 жылдың 30 қарашасында Семей өңірінде Кеңес үкіметінің орнауымен қайта қолға алынды (ҚР ОМА. Қ.81, Т.1, Іс.78, П.5қ).

Семей өңіріндегі кеңестік биліктің бірыңғай білім беру жүйесінің қалануы республиканың өзге аймақтарына сәйкес 1918 жылдары бекітілген бірқатар ірі актілер: «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы», «РСФКР бірыңғай Еңбек мектебі туралы ереже» мен «Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптері» бойынша жүзеге асты. Осы құжаттарға сәйкес мектептерде діни ілімдерді оқыту тоқтатылып, мектеп жұмысшылар мен шаруалардың барлық балаларына қол жетімді болды. Бұрынғы патшалық таптық-сословиелік мектептердің орнына кеңестік жалпы типтегі І-ші басқыш және ІІ-ші басқыш бірыңғай Еңбек мектебі құрылды. Барлық оқу орындары Халық Комиссарлары Кеңесінің қарауына өтіп, бұрынғы дін қызметкерлерінің қызметі жойылды, оқыту ұлдар мен қыздарға бірдей және тегін деп жарияланды (Развитие народного образования, 2016:4).

Дегенмен, үкіметтің «Мектепті шіркеуден бөлу туралы» декретіне қарамастан, кейбір мектептерде антипедагогикалық оқыту және тәрбиелеу әдістері жалғасып, дін сабақтарын оқытуға жол берілді. Сондықтан 1924 жылдың 5 мамырындағы губерниялық халыққа білім беру бөлімінің циркулярында мектеп қабырғасында діни ілімдерді жүргізуге қарсы ең кең көлемде күрес жүргізуді тапсырды. Мұндай мақсатты жұмыстың нәтижесінде еңбекшілердің діннен біртіндеп алыстауы байқалды. Көптеген жерлерде тұрғындардың қалауымен шіркеулер мен мешіттер мектептер мен клубтарға берілді (Керейбаев, 1989:40).

Мектеп оқушыларының әлеуметтік құрамында да елеулі өзгерістер орын алды. Оқушылардың басым көпшілігі (59%) еңбекші халық пен шаруалардың балалары болды, бұл кеңестік білім беру жүйесінің шынайы халықтық сипатын көрсетеді.

Сонымен бірге, 1920 жылдан бастап жеті жылдық мектептер, шаруа жастарының мектебі (ШЖМ) ашылып, онда оқушылар жалпы білім алумен қатар практикалық қызметке қатар дайындалды. Айта кету керек, қарастырылып отырған кезеңде жаңа кеңестік мектептің негізі қалану барысында, халықтық білім беру жүйесіндегі ең басты назар бастауыш мектепке берілді.

1920 жылғы халық санағының нәтижелеріне сәйкес губернияда 1047804 адам өмір сүрді,

олардың ішінде ауылдық тұрғындардың саны 946473 адамды немесе 90,3%-ын құрады. Қала тұрғындарының үлесі небәрі 9,6% болды, бұл губерния тұрғындарының ауылдық елді мекендерде жиі орналасқандығын білдіреді. Осылайша, халықтың негізгі бөлігін ауыл халқы құрағандықтан губернияның экономикалық және әлеуметтік жағдайы ауылшаруашылық секторына тәуелді болғандығын байқаймыз (Статистический обзор, 1923:336). Кеңес үкіметінің аграрлық сипаты және халықтың басым бөлігі ауылды жерлерде тұруы оқу-ағарту жолында негізгі назарды ауыл шаруашылығымен айналысатын қарапайым тұрғындарға аударды.

1920 жылдардың басында мектеп жүйесін түбегейлі қайта құру ісі аяқталды. Бұл кезеңде табиғи және географиялық ерекшеліктермен мәдени дәстүрлерге сәйкес аймақта негізінен бірінші басқыштағы мектептер ашылды. 1921 жылы өңірдегі ауылдарда І-ші басқыштағы-545, ІІ-ші басқыштағы-12 ауыл мектептері жұмыс істеді (Статистический обзор, 1923:378).

Зерттеу жылының басында білім беру жүйесінде жүргізілген ауқымды реформалар жаңа мектептер құрылысын бастау және бар оқу орындарын кеңейту арқылы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Мұрағат деректері 1921-1922 оқу жылдары жалпы губернияда І-ші басқыштағы мектептердің саны 864-тен 1043-ке дейін, яғни 21%-ға екпінді ұлғайғанын көрсетті (ҚР ОМА Қ.81, Т.1, Іс.335, П.17,129). І-ші басқыштағы мектептер желісінің ұлғаюы, ең алдымен, білім беру мекемелерінің көбінесе халықтың бастамасы мен қаражаты есебінен құрылған ауылдық жерлердің есебінен жүрді. Әдетте, шаруалар біреудің саятшылық үйін жалға алып, отын жинап, кеңсе керек-жарақтарын сатып алып, оларға мұғалімдер жіберуді сұрады. Кейде ауыл жиынының тапсырмасы бойынша уәкілетті шаруалар мұғаліммен келісіп, мектеп халыққа білім беру органдарының хабарынсыз ашылды.

Кеңес кезеңінің тарихшылары еңбектерінде ауыл тұрғындарының мұндай ынта-жігерінің себебі партиялық және кеңестік органдардың бұқараның ағартушылыққа деген құштарлығын ояту, үкіметтің мектеп желісін кеңейту жөніндегі қызметін қолдауы деп баяндалады. Расыменде, РСФКР Халық Комиссариатының 1918 жылғы 5 маусымдағы «барлық ведомстволардың оқу және білім беру мекемелерін Білім беру жөніндегі халық комиссариатының қарамағына беру туралы» жарлығы мемлекеттік бюджет есебінен мектептерді қаржыландыруды едәуір арттыруды талап етті. Бірақ, бұл шешім нақты ойластырылған экономикалық қадамнан гөрі саяси декларация болғанға ұқсайды, себебі іс жүзінде шаруалардың балаларына мемлекет есебінен білім беру мүмкіндігі пайда болғанымен, ел басшылығы бірқатар себептерге байланысты өз ниеттерін жүзеге асыра алмады.

Мәселен, ауыл әлі де азаматтық соғыстың салдарларынан толықтай қалпына келмеген жағдайында, оған 1921 жылғы ашаршылық қосылды. Білім беру және мәдени жұмыстардың қызметіне маман тапшылығы, әдістемелік материалдардың және жазу құралдарының, кітаптардың болмауы кедергі келтірді, бір адамға шамамен жарты қарындаш, ½-1 парақ қағаз берілгені олардың ұзақ мерзімді қажеттіліктерін толық өтей алмады (АОМА Қ.73, Т.1, Іс.42, П.74,76).

Халық шаруашылығында күйзелістер мен ашаршылық жылдарында Семей губерниясында мектептер желісінің саны қысқарды. 1922 жылдың сәуірінен 1922 жылдың қазанына дейін Семей губерниясындағы жалпы мектептер саны 1051-ден 751-ге дейін 1,4 есе азайды (Статистический обзор, 1923:91). Нәтижесінде мемлекеттік бюджет «ағарту жүйесі» деген атпен белгілі жүктемені көтере алмай, мектептердің қаржыландырылуын жергілікті бюджетке тапсырды.

Бұл жағдайды көптеген мектептерді тұрғындардың аз қаражатымен ашылып, мемлекет тарапынан уәде етілген көмекке үміт артуымен түсіндіруге болады. Мемлекеттік қаржылардың тоқтатылуымен және жергілікті бюджеттердің әлсіздігімен мектептер жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Осы тұста, ауылдағы мектеп желісін сақтап қалу үшін ауыл тұрғындарының өз қаржыларын жұмсап, салық енгізуі маңызды рөл атқарды.

Ауыл шаруашылығының мектеп құрылысын қаржыландыру тәсілі ретінде өзін-өзі салықтандыру идеясына деген көзқарас қарама-қайшылықты болса да, өңірдегі экономиканың қиын-қыстау кезеңінде мектеп желісін қолдауда маңызды рөл атқарды. Семей уезінде 1924-

1925 оқу жылында 23 мектеп ауыл тұрғындарының қаржысы есебінен жұмыс істеді (АОМА Қ.181, Т.1, Іс.26, П.118). Мектептерге қандай да бір түрде қолдау көрсету үшін Губерниялық халыққа білім беру бөлімдері мемлекеттік бюджеттердің тапшылығына байланысты білім беру және мәдени-ағарту мекемелерін салу мен күтіп-ұстауға жауапкершілікті жергілікті бюджет пен ауылдық қоғамдарға жүктеуді қарастырды. Өлкедегі экономикалық қиындықтарға байланысты қоғамдық және кооперативтік органдардың қаржысына толықтай тәуелді болған шартты мектептер құрылды.

Келісімшарттар жасау немесе салық салу арқылы шаруалар мектеп ғимараттарын салуға, жөндеуге және жабдықтауға, мектептерді қаржыландыруға, яғни отынмен, керосинмен, сондай-ақ мүмкіндігінше оқушыларға арналған оқулықтар мен жазу құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенді. Көптеген жағдайларда шаруалар мектепті өз қаражаттарымен ұстап тұруға ниет білдірген. Мысалы, 1921 жылы 19 қаңтарда Карповка болысындағы Черниговка селосының жалпы ауылдық жиында қабылданған шешімде: «Біз, азаматтар, мектепті қамтамасыз етуге қатысты барлық шараларды қабылдауға шешім қабылдадық және осыған байланысты халық білім беру бөліміне біздің селода мектеп ашуды сұраймыз» деп жазылған. (ҚР ОМА Қ.81, Т.1, Іс.581, П.17). Отын тапшылығы салдарынан көптеген мектептер жабылғанда, Зайсан уезінде ата-аналардың көмегімен мектептерде сабақтар жалғасып отырды (Керейбаев, 1989:27). Кедей шаруалардың өкілдерінің осындай шешімді мәлімдемелері мен бастамаларында халықтың білімге деген құштарлығының айқын көрінісін байқауға болады.

Отандық тарихшы Ш.К. Керейбаев келісімшарт жүйесін Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында республикада қиын материалдық жағдайларды бастан кешірген кеңестік мектептерге бүкілхалықтық қолдау көрсетудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Ш.К. Керейбаевтың пікірінше, бұл еңбекші халықтың жаңа мектептер ашуға деген ұмтылысының айтарлықтай өсуіне ықпал етті.

Дегенмен, білім берудің қаржылық-материалдық мәселесін қамтамасыз ете отырып, ауылдық қоғамдар кейде мемлекеттік құрылымдардың қатысуынсыз шеше алмайтын проблемаларға тап болды, олар ең алдымен мектеп орындарының жетіспеушілігіне немесе шалғайлығына қатысты туындады. Ертіс өңіріндегі болыстарда халық азды-көпті тығыз қоныстанды және бұл аудандарда мектепке дейінгі қашықтық 7 шақырымды құрайтын. Сондықтан оқушыларды мектепке атпен немесе арбамен жеткізу әдісіне байланысты, Қарқаралы уезінің кейбір аудандарында және Зайсан уезінің бір бөлігінде мектеп орналасқан жердің радиусын 15-20 шақырымға дейін кеңейту туралы шешім қабылданды (АОМА Қ.415, Т.1, Іс.229, П.11к).

Сонымен қатар, қазақ ауылдарында, әсіресе көшпелі ауыл халқының едәуір бөлігінің көшпелі өмір салтын ұстануы, отырықшы пункттердің аздығы, байланыс жолдарының жоқтығы, жергілікті халықтың төмен мәдени деңгейі, қазақ мұғалімдерінің тапшылығы бірыңғай оқу жүйесін тез қабылдауға кедергі келтірді. Ауылдағы көшпелі шаруашылықтың ерекшелігі мектептердегі оқу процесінің ұзақтығына да әсер етті. Егер қалалық мектептерде ол 180-200 күнге тең болса, онда ауылдық мектептерде оның ұзақтығы 120-135 күнді құрады (Ежегодник, 1929:268). Көшпелі өмір салтына байланысты қазақ оқушылары оқуға кешірек кірісіп, ерте көктемде оқуды тоқтатуға мәжбүр болды.

Көшпелі өңірлердегі жағдайдың күрделілігіне байланысты басқарушы үкімет біріншіден, өлкедегі ауылдар арасындағы едәуір алшақтықты ескере отырып, екіншіден, жайылым қуып, көшіп жүрген көшпелі халықтың балалары мен көше балалары үшін ауылдың тұрмысына қолайлы, кейін көшпелі ауылдағы мектептің негізгі түріне айналған мектеп-коммунасын құрды. Мектеп-коммуналарға көбінесе жетім, кедей, батрақ, қызыл әскер мен жалдамалы жұмысшылардың балалары алынды (Мұхатова, 2021:41). Бұл балаларды азық-түлікпен, тұрмыстық заттармен, киім-кешекпен қамтамасыз ету толығымен мемлекет тарапынан жүзеге асырылса да, кейбір мектептерде ата-аналар оқудың материалдық қамтамасыз етілуін, оның ішінде тамақтанудың және жатақханада тұруға байланысты барлық шығындарды өз мойындарына алды.

1925-1926 оқу жылының есебінен өңірде 4 мектеп-коммуна болғаны белгілі болды. Егер

бұл мәліметті зерттеуші Ш.К.Біткенбаеваның еңбегінде келтірілген дерекпен салыстырсақ мекептің санын айтарлықтай азайғанын байқаймыз. Автор Семейде 1922 жылдың басында 7 коммуна-мектебі болғанын атап өтеді. Мұны өңірдегі экономикалық қиындықтар салдарынан мектептер санының қысқаруымен байланысты болуы мүмкін деген болжамды қарастыруға болады (Мухаметкалиева, 2024:105)

Өңірдегі ауыл мен ауыл еңбеккерлерінің мәдени деңгейін көтеру, оларға агротехниканы арттыруға көмектесу мақсатында шаруа жастарының (ШЖМ) алғашқы мектептері ашыла бастады, онда басты назар оқушыларды өндірістік оқытуға және ауылда жұмыс істеуге аударылды, ал жалпы білім беретін пәндер оқу ауыл шаруашылығымен байланысты болды. Мәселен, Павлодар уезінің Ертіс ШЖМ оқушылар 1926-1927 оқу жылында Ертіс селосындағы мал шаруашылығының жай-күйіне зерттеу жүргізіп, мал аулаларын жылытуды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеген.

Қарастырылып отырған жылдың соңына Семей губерниясында 4 шаруа жастары мектебі қызмет етті, оның ішінде тек біреуінің қазақ жастарына арналуы қазақ ауылындағы білім беру жүйесіндегі қиындықтарды аңғартады. Дегенмен, шаруа жастарына арналған мектептерге деген сұраныс ұзақ уақытқа созылған жоқ, олар ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде шаруа мектептеріне айналып, 1930 жылдардың ортасына дейін қызмет етті (Керейбаев, 1989:31).



Сурет 1. Ауыл шаруашылығы мектебінің ғимараты, Семей, 1920ж.
(ҚР МАМ ОМКФДЖА, 8-2484)

Ауыл мектептерінде педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі өзекті тұрды. Мектеп мұғалімдеріне деген сұраныс айтарлықтай артты, әсіресе, ауылдық жерлерде жұмыс істеу үшін мұғалімдермен қатар сауатты адамдарда тартылды.

Кеңестік білім беру жүйесінің елдің әртүрлі өңірлеріне енгізілуі барысында көптеген мұғалімдер жаңа идеологияға бастапқыда қарсылық білдірді. Жергілікті есептерге сүйенсек, кейбір ауылдарда мұғалімдер қарсылық көрсетіп, саботаж ұйымдастырғаны байқалады. Мысалы, Нарым болысы мен Күршім өңірінде мәдени-ағартушылық жұмыстар мүлде жүргізілмеген, мұғалімдер халық арасында жұмыс істеуге белсенді түрде қатыспады (Мухаметкалиева, 2024:105).

Дегенмен, уақыт өте келе жағдай мен саяси конъюнктураның қысымымен олардың басым бөлігі жаңа білім беру жүйесіне бейімделіп, оған қосылуға мәжбүр болды. Большевиктік билік мұғалімдердің көпшілігі тек оқи және жаза алатындығын ескере отырып, халыққа білім беру бөлімдері қысқа мерзімді курстар өткізу арқылы олардың деңгейін жүйелі түрде арттырып отырды. Дәл осындай жұмыс Кеңес үкіметі жағына өткен ескі мұғалімдермен де жүргізілді. Осылайша, 1921-1926 жылдар аралығында төрт жыл бойы курстар арқылы 4416 мұғалім білім алды, бұл ауыл мұғалімдерінің жалпы санының 73%-ын, яғни 6048 адамның 4416-сы құрайды (Богенбаева, 2003:130).

Мұғалімдердің көпшілігі қайта даярлау курстарынан екі немесе үш рет өтті. Бұл олардың жаңа идеология мен жұмыс әдістерін қабылдай алмауын білдіреді. Сонымен қатар, курс өткізуші мұғалімдердің кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі білім сапасына да кері әсерін тигізді. Дегенмен, мұғалімдерді даярлау қарқынының күшеюіне қарамастан, губерниядағы педагогтардың білім деңгейі мен тәжірибесі сол кезеңде әлі де қанағаттандырылмаған күйде сақтады. Мысалы, 1924 жылдың 1 сәуіріндегі мәліметтер бойынша, губерниядағы білім беру жүйесінде 1127 адамның тек 21,4%-ы жоғары немесе арнайы орта білімді болды. Мұғалімдердің еңбек өтіліне келетін болсақ, 3 жылға дейін - 334 (29,6%), 3-тен 5 жылға дейін - 222 (19,7%), 5 жылдан жоғары - 571 (50,7%). Осыдан, мұғалімдердің шамамен жартысы Кеңес үкіметі кезеңінде даярланған мамандар екенін куәландырады (АОМА Қ.415, Т.1, Іс.89, П.34)

Кездескен қиыншылықтарға қарамастан, аймақтағы экономикалық өсім мен қаржылық жағдайдың жақсаруы жағдайында мектеп білім беру жүйесіндегі күрделі жағдай біртіндеп жақсара бастады. 1923 жылдан мектеп ісінде бастап айтарлықтай жетістіктер байқалды, нәтижесінде мектеп құрылысының динамикасы артып, оқушылардың кеңірек топтары қамтылды. Мұрағат материалдарын талдау Семей болысындағы мектептердің саны қарқынды өспесе де, тұрақты өсу үрдісін көрсетеді. (Кесте-1).

Кесте 1. Семей уезінің болыстарындағы мектеп туралы мәлімет
(АОМАҚ.181, Т1, Іс.39, П.471, 472, 472к)

Болыстардың атауы	Бородулиха	Шемонайха	Убин	Разин	Семирка	Александровск	Советтік	Калинин	Луначарск	Ленин	Красно-Октябрьск	Мендешев	Бесқарағай	Досов	Сейфуллин	Қызылтан
1923	6	6	4	4	4	7	5	12	8	10	8	5	3	4	2	4
1924																
1924-1925	11	5	5	5	3	9	12	16	7	8	7	3	4	5	3	6
1925-1926	11	9	6	6	4	11	12	15	7	8	7	4	4	5	3	7
Барлығы	28	20	15	15	11	27	29	43	22	26	22	12	11	14	8	17

1-ші кестеде келтірілген деректер бойынша сандық талдау 1923 пен 1926 жылдар аралығындағы өсім орта есеппен 15%-ды құрғанын көрсетті, яғни бұл ауылдық жерлердегі мектептер санының тұрақты түрде дамып отырғандығын білдіреді.

Үкімет қарастырылып отырған кезеңде мектепке қаржылай елеулі қолдау көрсетті. 1924-1925 оқу жылында халыққа білім беру қажеттіліктеріне губерния бюджетінің 26,8%-ы бөлінсе, 1925-1926 оқу жылында бұл көрсеткіш 33,9%-ға, 1927-1928 оқу жылында 34,1%-ға жетті. Ақшалай мәнде бұл айтарлықтай көлемді сомалар болды. Мұғалімдердің жалақысы аса жоғары болмағанымен, үнемі өсіп отырды. 1924-1925 жылдары мектеп қызметкерінің орташа жалақысы 25,50 рубль болса, 1925-1926 жылы 32,50 рубльді құрады, демек, жалақының 7 рубльге өскені байқалады (АОМА Қ.73, Т.1, Іс.427, П.38).

1923 жылы мектептерді оқу құралдарымен және оқулықтармен қамтамасыз ету ісі жақсара бастады. Мысалы, сол жылы оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға 2 миллион 500 мың рубль бөлінді. Губерниядағы мектептерде әрбір 2 оқушыға 1 оқулықтан келетін. Ауылдық жерлердегі мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету ісінде осы кезеңде қалалық оқушылардың ауыл оқушыларына қамқорлық жасауы кеңінен таралды (Керейбаев,1989:30).

1920-жылдардың екінші жартысында мектеп білімін қаржыландырудың артуы жергілікті билік органдарына білім беру мекемелері үшін, оның ішінде ауылдарда мектеп ғимараттардың құрылысын кеңейтуге мүмкіндік берді. Шын мәнісінде, қазақ ауылдарында көптеген мектептер жалдамалы қазақ қыстақтарында жарықсыз, гигиеналық талаптарға сай емес жағдайларда орналасты. Аудандағы бастауыш мектептердің тек 21%-ы ғана қолайлы және арнайы бейімделген ғимараттармен қамтамасыз етілді: бұл көрсеткіш орыс аудандарында 26%-ға дейін артса, қазақ аудандарында керісінше 15%-ға дейін төмендеді (Ежегодник, 1927:275). Семей уезінде Медеу Оразбаев салған Мендешев болысындағы бір мектептен басқа, қазақ ауылында ешқандай жақсы жабдықталған мектептер болмаған деуге болады (АОМА Қ.185, Т.1, Іс.29, П.500).

1920 жылдардың соңында, 1926 жылмен салыстырғанда, Семей өңірінде мектеп ғимараттарын салуға жергілікті бюджеттен дотациялар көлемі екі есе артты. Бірақ, соғысқа дейінгі кезеңмен (1915ж.) салыстырғанда, І-ші басқыштағы мектептердің саны 3 еседен астам өскенін ескерсек, мектеп құрылысы мектептер желісінің кеңеюіне ілесе алмады. (АОМА Қ.73, Т.1, Іс.427, П.38)

Зерттеу кезеңінің соңына қарай, жергілікті билік органдарының мектептерді жөндеуді қаржыландыруға қатысқанына қарамастан, әсіресе ауылдық жерлерде орналасқан мектеп ғимараттарының жағдайы қанағаттанарлықсыз болғанын келесі кесте көрсетеді.

Кесте 2. Семей өңіріндегі І-басқыштағы мектептердің орналасқан ғимараттарының жағдайы, 1927 ж. (Ежегодник, 1929:269)

Мектеп ғимараттарының саны

Мектеп ғимараттарының ішінен

Ауылдық елді мекендер	Мектептердің саны	Арнайы меткптер	Бейімделген	Жалдамалы	Арнайы бейімделген	Арнайы жалдамалы	Жарамды	күрделі жөндеуді қажет етеді	Мүлдем жарамсыз	оқушыларға арналған пәтерлері бар
Қазақ ауылдары	210	43	32	133	-	-	32	57	120	15
Орыс және т.б. ауылдары	271	124	108	28	10	1	72	131	92	80
Барлығы	481	167	140	161	10	1	104	188	212	95

2-ші кесте көрсетіп тұрғандай, мектеп ғимараттарының жартысынан астамы өз мақсатына сай келмеген. Бұл жағдай 1920 жылдардың екінші жартысында мектеп білімін қаржыландырудың бюджеттік қаражат есебінен ұлғайғанына қарамастан, бастауыш білім беруді енгізу мәселесін шешу үшін Семей өңірінде әлі де қаржылай қолдаудың жеткіліксіз болғанын айғақтайды.

Қарастырылып отырған жылдары қаржылық тапшылық, мектеп ғимараттарының жетіспеушілігі мен педагогикалық кадрлардың аздығына қарамастан, мектеп жасындағы балаларды мектепке тарту үнемі артып отырды. Мысалы, балаларды І-ші басқыштағы мектептермен қамту шамамен 36,6%-ға өсті, осы тұста, қалада бұл көрсеткіш – 67%, ауыл халқы балалары үшін - 45,6%-ды құраса, көшпелі аймақта (21,4%) 2 есе аз қамтылды (Керейбаев, 1989: 41).




Диаграмма 2. Семей өңірінде балаларды І-ші басқыштағы мектептермен қамту көрсеткіші, 1926 ж. (Керейбаев, 1989: 41).

Диаграммада көрсетілген мәліметтерге сәйкес, көшпелі халықтың балаларының мектеппен қамту деңгейі қалалық жерлердегі балалармен салыстырғанда төмен болуы, ауыл аймақтарда білім беру жүйесінің толық әрі тиімді ұйымдастырылмағанын аңғартады.

Мектепті бітіргеннен кейін балалардың көпшілігі халық арасында қалуға мәжбүр болады. Кейбіреулері білім алған мектептің алғашқы кезеңімен қанағаттанып, оқуын жалғастырмады, ал кейбіреулері орыс тілін білмегендіктен және дайындық деңгейінің төмендігі себепті қаладағы ІІ-ші басқыш орыс мектептеріне түсе алмады.

Осылайша, 1928 жылғы статистикалық есепке сәйкес, зерттеу жылдарының соңында ауылдық елді мекендердегі 755 мектепте тек 22% ғана бала мектеппен қамтылған, ал қалған 194000 бала білім алу мүмкіндігінен айырылған, демек бұл халықтың едәуір бөлігінің әлі де білім беру жүйесімен толыққанды қамтылмағанын көрсетеді.

Қорытынды

Тұжырымдай келе, 1920-жылдар өңірлік білім беру саласы үшін үлкен ұйымдастырушылық, әдістемелік және қаржылық өзгерістер кезеңі атанды. Зерттеу жылдары ескі жүйелерді жоққа шығарумен, жаңашылдықтарға деген екіұшты көзқараспен және еңбекке негізделген мектептерді қалыптастыруға ұмтылумен сипатталады.

1920-жылдардың барысында Семей өңірінің ауыл аймақтарында мемлекет пен жергілікті билік органдары ауыл балаларын мектеппен қамту мақсатында бірқатар шараларды жүзеге асырғанын атап өткен жөн: бірыңғай еңбек мектептері, коммуна-мектебі, шаруа жастар мектебі (ШЖМ) ашылды. 1920-жылдары халықтың өздігінен салық салу жүйесі кеңінен қолданылып, мектептерді ұйымдастыру үшін қаржы жинау жүзеге асырылды.

Дегенмен, ауыл тұрғындарын мектеппен қамтамасыз етуге бағытталған шараларда бірқатар кемшіліктер байқалды. Бірінші кезекте, білім беру процесіне қаржының жеткіліксіз бөлінуі анықталды. Ауылдық білім беру жүйесінің жүзеге асырылуы оқу орындарының, педагогикалық кадрлардың, оқулықтардың және ғимараттардың жетіспеушілігімен күрделенді. Мектеп желісі шалғай аймақтарды қамти алмай, ауыл тұрғындарының бір бөлігі сауатсыз күйінде қалды. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде жалпы бастауыш білім беру мәселесі 1920-жылдардың соңына дейін шешімін таппады. Осылайша, ауылдық жерлерде білім беру процесінің қиын әрі қарама-қайшылықты тұрғыда жүзеге асырылғаны анықталды.

Әдебиеттер тізімі

Berryman W.A. Soviet Education: Communism in the Classroom. – Colby college: Honors Theses. 2010. – P.602

Fitzpatrick Sh. Education and Social Mobility in the Soviet Union: 1921-1934. Cambridge: Cambridge University Press. 1979. – P.355.

Біткенбаева Ш.К. Қазақстанда сауатсыздықты жою жайында лениндік декреттің жүзеге асуы (1917-1940 жж.). - Алматы: Ғылым, 1982. - 176 б.

Богенбаева А.К. История развития народного образования в Восточном Казахстане в 20–30-е гг. XX века: дис... канд. ист. наук / А.К. Богенбаева. – Алматы, 2003. – 166 с.

Ежегодник Семипалатинского округа. Обзор за 1927-28 год. . – Семипалатинск:издание Семипалатинского окрплана. – 1929.-293с.

Ежегодник Семипалатинского округа. Обзор за 1925-26 год. . – Семипалатинск:издание Семипалатинского Губисполкома.-1927. . – 430с.

Әбікей А.М., Қайыпбаева А.Т., Оспанова Р.Р. Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы // Отан тарихы. № 2(98). 2022. – Б.170-178.

Календарь-справочник и записная книжка добровольного корреспондента и волостного статистика на 1928 год. Кзыл-орда: Казгоскдта №1. 1928. - 301 с. URL: <https://nabrk.kz/bookView/view/?brId=1540665&simple=true&green=1#> Қаралған күні 05.08.2024).

Керейбаев К.Ш. Культурная жизнь Восточного Казахстана в 20-е годы XX века: дисс...канд. ист. наук. / К.Ш. Керейбаев. – Алма-Ата: Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова, 1989. – 182с.

Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932 гг.). Том первый. Алма-Ата: Казахстан. 1965. – 566 с.

Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар) Ұжымдық монография [Авт.: А.Т. Қайыпбаева, О.Х. Мұхатова, А.М. Әбікей т.б.]. / - Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. – 320 б.

Мухаметкалиева К.Б. 1920-шы жылдардағы семей өңіріндегі мектептік білім беру жүйесінің тарихы: жетістіктер мен қайшылықтар // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия историческая. - № 2 (81). 2024.-С.96-110. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.009> Мухаметкалиева К.Б. Борьба с неграмотностью в Семипалатинском крае в 1920-е годы: проблемы и результаты // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия историческая. - № 2 (113). - 2024. – С.95-110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08>.

Мұхатова О.Х. Қазақстандағы 1920 жылдардағы оқу-ағарту //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. «Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану» сериясы.- №2 (135). - 2021. – Б. 35-47. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-135-2-35-47>.

Развитие народного образования в Восточном Казахстане XIX-начало XX вв. Т2 / [сост.: Г.Т. Касымова и др.]. – Семей. – 2016. – 717с.

Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане.-Алма-Ата: Казучпедгиз, 1962. - 367 с.

Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики. Оренбург: Управпромгуба. - 1923. - 409с. URL:<https://nabrk.kz/bookView/view/?brId=1093260&simple=true&green=1#>. Қаралған күні 01.08.2024.

ПРОБЛЕМЫ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ГУБЕРНИИ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ: ОПЫТ 1920-Х ГОДОВ

Тұрсын М. Хазретәлі, Карлыга Б.Мухаметкалиева*

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Яссауи, Туркестан, Казахстан

Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

Аннотация. В статье исследуется процесс формирования и реорганизации школ в селах и уездах Семипалатинской губернии в 1920-е годы. Исследование основано на архивных

материалах, статистических данных и официальных отчетов, которые иллюстрируют развитие образовательной системы в регионе. В статье подробно анализируются мероприятия, проведенные в образовательной сфере на основе постановлений Народных комиссариатов просвещения и директив местных органов. Авторы выделяют как положительные, так и отрицательные аспекты новой образовательной политики в регионе. Особое внимание уделено процессу расширения сети сельских школ первой ступени, их материально-техническому состоянию, а также степени влияния органов власти и сельского сообщества на развитие сельского образования.

В статье всесторонне рассматриваются мероприятия, направленные на создание школ первой ступени, школ-коммун, школ крестьянской молодежи (ШКМ) и педагогических курсов. Важное внимание уделяется архивным данным, отражающим трудности, с которыми сталкивались представители кочевых сел в процессе обучения.

Отдельный акцент направлен на роли местных властей и сельской общественности, которые сыграли значительную роль в продвижении образования и культурного просвещения. В статье рассматриваются проблемы, с которыми столкнулись организаторы образовательного процесса, включая нехватку кадров, учебных материалов, недостаточное количество учебных зданий, а также влияние политических и экономических факторов на развитие системы образования в регионе.

В заключение отмечается, что советская образовательная политика не только проложила новый курс в области обучения, но и существенно повлияла на воспитание сельского населения. Выводится, что советская система образования охватила весь регион и заложила фундамент для последующего развития светской образовательной системы в республике.

Ключевые слова: советское образование; просвещение; народное образование; сельская школа; сельский учитель; школа первой ступени; школа-коммуна; школа крестьянской молодежи; ученик; учебник.

PROBLEMS OF RURAL SCHOOLS IN SEMIPALATINSK GOVERNORATE AND WAYS TO ADDRESS THEM: THE EXPERIENCE OF THE 1920s

Tursyn M. Khazretali, Karlyga B. Mukhametkaliyeva

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan

Shakarim University of Semey, Kazakhstan

Annotation. The article examines the process of forming and reorganizing schools in the villages and districts of the Semipalatinsk Province in the 1920s. The research is based on archival materials, statistical data, and official reports that illustrate the development of the educational system in the region. The article provides a detailed analysis of the measures implemented in the educational sphere based on the decrees of the People's Commissariats of Education and the directives of local authorities. The authors highlight both positive and negative aspects of the new educational policy in the region. Special attention is given to the process of expanding the network of primary rural schools, their material and technical conditions, as well as the degree of influence of the authorities and the rural community on the development of rural education.

The article comprehensively examines the initiatives aimed at establishing primary schools, communal schools, peasant youth schools (PYS), and pedagogical courses. Significant attention is paid to archival data reflecting the challenges faced by representatives of nomadic villages in the process of education.

A separate focus is placed on the role of local authorities and the rural public, who played a significant role in promoting education and cultural enlightenment. The article addresses the problems faced by the organizers of the educational process, including the shortage of personnel, educational materials, insufficient number of school buildings, as well as the impact of political and economic

factors on the development of the educational system in the region.

In conclusion, it is noted that Soviet educational policy not only charted a new course in the field of education but also significantly influenced the upbringing of the rural population. It is concluded that the Soviet educational system covered the entire region and laid the foundation for the subsequent development of a secular educational system in the republic.

Keywords: Soviet education; enlightenment; public education; rural school; rural teacher; primary school; communal school; peasant youth school; student; textbook.

References

- Abikej A.M., Kajypbaeva A.T., Ospanova R.R. (2022). Kazakstandaqy sauatsyzdykty zhoyu naukanyryn zhyzege asyryluy [Implementation of the literacy campaign in Kazakhstan] Otan tarihy [Bulletin of the History of the fatherland], №2(98). – pp.170-178. (in Kazakh)
- Berryman W.A. Soviet Education:Communism in the Classroom. Colby college, Honors Theses.2010. – P.602
- Bogenbaeva A.K. Istoriya razvitiya narodnogo obrazovaniya v Vostochnom Kazahstane v 20–30-e gg. XX veka [The cultural life of East Kazakhstan in the 20s of the XX century]: dis. ... kand. ist. nauk / A.K. Bogenbaeva. – Almaty, 2003. – 166 s. (in Russian)
- Bitkenbaeva SH.K. Kazakstanda sauatsyzdyqty zhoyu zhajynda lenindik dekretin zhyzege asuy (1917-1940 zh zh.) [Implementation of the Lenin Decree on the elimination of illiteracy in Kazakhstan (1917-1940)] / SH.K. Betkenbaeva. – Almaty, Qylym, 1982.-176 s. (in Kazakh)
- Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga. Obzor za 1925-26 god. - Semipalatinsk:izdanie Semipalatinskogo Gubispolkoma.-1927. – 430 s. (in Russian)
- Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga. Obzor za 1927-28 god. - Semipalatinsk: izdanie Semipalatinskogo okrplana.-1929.-293 s. (in Russian)
- Fitzpatrick Sh. Education and Social Mobility in the Soviet Union:1921-1934. Cambridge: Cambridge University Press.1979. – P.355.
- Kalendar'-spravochnik i zapisnaya knizhka dobrovol'nogo korrespondenta i volostnogo statistika na 1928 god. [Calendar-reference book and notebook of a volunteer correspondent and volost statistician for 1928].Kzyl-orda, Kraevaya tipografiya Kazgoskdata №1. 1928. – 301p. (in Russian) URL:<https://nabrk.kz/bookView/view/?brId=1540665&simple=true&green=1#>(05.08.2024)
- Kazakstandagy oku-aqartu zhyjesi: tarihy men taqylymy (1920-1930 zhyldar) Uzhyndyq monografiya [Educational system in Kazakhstan: history and lessons (1920-1930)] [Avt.: A.T. Kajypbaeva, O.H. Muhatova, A.M. Abikej t.b.]. / - Almaty: «Madiyar» ZHK, 2022. – 320 b (in Kazakh)
Ғылымдағы «тарихи тұлғатану» термині ресми түрде жариялағандықтан, өз заманының биік тұлғасы А. Досжанованың тарихын зерттеу, оның қызметтегі кәсібилігі, ой-интелектісімен, шығармашылығын, медицина саласына қосқан үлесін саралай отырып, зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету зерттеудің міндеттері болып табылады. Мақаланы жазуда нормативтік-құқықтық құжаттардың қатарында КСРО мен ҚазақКСР-де қабылданған бірқатар қаулылар пайдаланылады. Кейіпкерлердің іс-қағаз, эго-құжаттары, баспасөз беттеріндегі материалдар мен естеліктер деректік базасы қолданылады. Түркістан Республикасының Халық Кеңесі Комиссарларының 14.12.1922 жылғы №238 қаулысында А. Досжановаға 100 сом көлемінде сыйақы берілгені және ОАМУ-де білім алатын шығыс қыздарының білім алуына себеп болған. Дәрігер, педагогтардың жетіспеушілігін Ташкентте ашылған оқу орындарының түлектері толтырды. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрында сақталған жеке құжаттар тарихилық, объективтілік әдістер қолданылып, талданды. Эго-құжаттар А. Досжанованың сол кездегі куәгерлердің көзқарасы арқылы көріп, тануға мүмкіндік берді. Зайыбы А. Ершиннің, құрбысы З. Умидованың тағы басқа кейіпкерлердің ашаршылық пен дәрігерлер қызметінің ауыртпалығын көтеріп, өз көзімен көрген, маңызды оқиғалары мақалада құжат ретінде қолданылды. Естеліктер дәрігер Аққағаздың кеңестік жұмыс күндерін, шынайы өмірін көрсетеді. Мерзімді басылымдардағы А. Досжанова туралы жазылған мақалалар оның әйел мен бала өміріндегі қызметін айқындайды.

Мақалаға Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің (АОМА) қорынан материалдар қолданысқа алынды.

Талқылау

Аққағаз Досжанова туралы алғашқы дерек 1913 жылы «Айқап» журналында жарияланғаны туралы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани «Үш таған» журналында Б. Молдиннің мақаласында былай ақпар береді. Ол газетте Орынбор гимназиясын үздік бітірген қазақ қызы Аққағаз Досжанова жөнінде көптеген мәліметтер келтіреді. А. Досжанова мен бірге Гулайым Байгурина, Рахима Габдилкалықызы білім алған делінген (Б. Молдин, 2019:142).

Аққағаз Досжанова туралы жазылған мақалалар, зерттеулер аз емес. 1922 жылы 20 желтоқсанда «Правда» газетінде «О первой женщине-киргизке» атты мақала жарияланды. 1967 жылы «Наука и жизнь» журналының 9-санында сол мақала қайта басылып шығады. Мақалада қазақ қызының оқудағы жетістіктері сөз болады (Әлжанов, 2007:106). 1974 жылы «Қазақстан» баспасынан Жібек Қаңтарбаеваның «Аққағаз Досжанова» туралы кітабы жарық көрді. Сонымен қатар қазақ энциклопедиясында қысқаша мәлімет берілген. 1993 жылы №6 «Ақиқат» журналында Рахима Сыздыққызының «Қазақтың қайраткер қыздары» атты мақаласында А. Досжанованың әкесі Досжанов Омар туралы естеліктер жарияланған. Кейін 2015 жылы Ақтөбе облысының әкімдігі, Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар мен құжаттар басқармасы, облыстық тарихи-өлкетану музейінің редакциялық кеңесінің шешімімен еліміздің тарихында өшпес жарқын із қалдырған, жерлестерімізге арналған Ақтөбе аймағының тарихи қайраткерлерінің өмірі мен қалдырған ізгі істерін таныстыру мақсатында «Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары» атты ұжымдық энциклопедия шықты. Онда Аққағаз Досжанованың өмірі мен қызметі зерттеліп, сараланып көрсетіледі.

Ақтөбелік музейтанушы, этнограф Р. Ильясованың «Арулар-аналар, даналар» деген еңбегінде Орынбор мемлекеттік архивіндегі деректерде (№131 іс, 85 парағында), 1911-1912

жылдары Орынбор гимназиясында Аққағаз Досжановамен бірге басқа да қазақ қыздарының оқығанды жазылған. Шақабай Қарабаева, Хұсни Қарабаева екеуі 1-3 кластарға, ал Халима Бағымбаева, Аққағаз Досжанова, Мария Қаратаева бірден 7 қосымша класқа алынады. Бұл соңғы үшеуінің білім дәрежесінің жоғары бағаланғандығының нәтижесі. Гимназияда Аққағазға үлгілі мінездеме мен арифметика пәнінің мұғалімінің куәлігі тапсырылады. Куәліктің көшірмесі Орынбор архивіндегі №173 қағаздар тобынан алынды. Содан кейін ол Бөрте болысында мұғалімдік қызметін атқарады (Ильясова, 2003:85).

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында А.Досжанованың Орынбор гимназиясын үздік бітіргені жөнінде, 1914 жылы Орынбор оқу округінің қазақ қызына берген алғашқы куәліктің көшірме суреті сақталған. Бірақ сапасы өте нашар, «Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары» атты ұжымдық энциклопедияда жарияланған (Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары, 2015:186).

Бұл жайлы сол кездегі «Оренбургский Вестник» газеті арнайы мақала жасап, гимназияда озат оқыған, алғашқы қазақ қызының жетістігін ерекше мақтанышпен жазады. Себебі, сол кезеңдегі қоғамдық түсінікте қазақ қыздарының мектепке баруы, білімге ұмтылуы сирек құбылыс саналған. Машһүр Жүсіп «Қазақтың қаздай қалқыған еркін дәурені өткеннен кейін, указной молда, орыстың солдатынан қашқан ноғайлар, Бұхардан келген молдалар, діни миссионерлер қазақтың тұнық діни санасын өзгертіп, содан қазақтар әйелге ер азаматпен тең деп қарамай, оқуға, білім алуға рұқсат бермеді» деп айтады, сол заманда Аққағаз Досжанова сияқты оқыған қазақ қыздарының білім алуы, қазақ қоғамы үшін символдық мәні бар жаңалық болды.

Нәтиже

Аққағаз Досжанова 1893 жылы 21 мамыр күні Орынбор губерниясына қарасты Торғай облысы, Ақтөбе уезінің бесінші ауылында (қазіргі Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Бөрте ауылы) дүние есігін ашады (Энциклопедия, 2015). Ол туралы 1993 жылы «Ақиқат» журналының №6 номерінде филология ғылымының кандидаты Р. Сыздыққызы «Қазақтың қайраткер қыздары» деген мақаласында былай келтірген: Аққағаздың әкесін халық «Батыр Омар», «шәйіт Омар» деп атаған. Аты ерлігімен аңызға айналып, кейініректе «сібір Омар» аталып кеткен Омар Досжанов 1857 жылы Торғай облысындағы Қостанай уезіне қарасты Домбар болысының екінші ауылында туған. Қазақстандағы революциялық қозғалысқа, Қостанай уезінде Кеңес үкіметін орнату жолындағы күреске берсене қатысқан революционер. Троицкідегі орыс-қазақ мектебінде білім алған аудармашы, кеңес хатшысы қызметін атқарған. Кейіннен Ташкентке ауысады. Сауатты, әрі шешен ол үстем тап өкілдерінен қаймықпай, олардың қарапайым халыққа жасаған қияметтерін беттеріне басып, батыл әшкерлейді. Бірақ әділдік іздеп, әділетсіздіктің жолында көптеген қиыншылықтарға жолығады. Үстем тап өкілдерінің қолына түседі. Ол жайлы «Қазақ Советтік Энциклопедиясының» 4-томында былай жазылған: «Бір байдың тағылық қорлығына шыдап, өлім тырнағында жатқан әйелге араша түсіп, құтқарғаны үшін қала басшылары Досжановты нақақтан – нақақ Сібірге каторгаға айдайды». 1910 жылы елге оралған Омарға тыныш өмір сүруіне мүмкіндік бермейді. 1912 жылы Омар Досжанов Қостанай түрмесіне қайта қамалады. Енді оны «шариғатқа бағынбады, бүкіл Русьдің императорына тіл тигізді» деп айыптайды. Қазан революциясы қарсаңында Омар Досжановқа бостандық беріліп, ол 1918 жылы қаңтарда Қостанай уездік Кеңес Атқару Комитетінің мүшесі және Соғыс-революциялық трибуналдың төрағасы болып сайланады. Бұл уақытта уақытша контрреволюциялық үкімет орнаған болатын. Досжанов қаза табады. Аққағаз өз жазбаларында әкесі туралы естелік қалдырады «... Бір күні мен әкемнің өзін қандай сылтаумен зәбірлегені туралы әңгімесін естідім. Әкем түнде қайтып келе жатқанда, жан түншігерлік айғай естиді. Сол дауыс шыққан жаққа қарай барады. Ақ отауға келіп, оның жабағынан сығаласа, мынадай тағылық істің куәсі болады. Ортада жан-жағына жастық тіреп алаған феодал отыр, қолында таяқ, әлденеге риза болғандай күлімдейді. Ал, алдында тақыыр жерде, қолы байланған, омырауы жалаңаш тоқалы жатыр. Оның қасында байдың бәйбішесінен


туған бес жасар бала кішкентай күшігімен ойнап отыр. Ол күшікті сорлы тоқалдың төсіне апарып салады. Күшік оны жабысып еміп, тілімен жалап жатыр. Бұндай тағылықты естігенмен, көзбен көрмеген Омар үйге кіреді. Отауға кіріп келіп, әйелді арашалап алады. Бай оның басынан таякпен салып қалады. Әкемнің денесі зор еді, ол бір соққанда байды шалқасынан түсіреді. Сөйтіп, арашалап алған әйелді ертіп, түн ішінде қашып кетеді. Байлар мен молдалар әйелдің теңдігін қорғағаны үшін, отбасының ісіне араласып, шариғат заңына қарсы келгені үшін каторгаға айдап жібереді. Мен 4 жасқа толғанда, біз елге оралдық. Әкем Сібірде 22 жыл болды. Халық оны содан бері «Сібірдің Омары» деп атайтын болды» (Сыздыққызы, 1993:87-88).

Сібірден оралған соң, Аққағаздың анасы қайтыс болады. Мақала Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдар қорында сақталған. Бұл дерек Аққағаздың өз қолынан жазылған естелік болғандықтан, мақала үшін маңызы зор.

Жастайынан жалғыз қалған жас қыздың тәрбиесін Ы. Алтынсариннің өнегесімен осы өлкеде көптеген мектеп ашқан, соңынан оның ағартушылық ісіндегі ізбасары болған ағасы Сағындық Досжановтың бақылауында өтеді. С. Досжанов Ақтөбе облысындағы Ойыл, Қобда, Түзтөбеде, Бөртеде мектеп ашып, бала оқытқан. Сағындық Досжанов Алаш ардақтыларының сабында болған азамат, ол Халел және Жаһанша Досмухаммедовтермен бірге Батыс Алашорданы құруға қатысады. Қазақ Халық комиссарлары Кеңесінің Орталық Атқару комитетінің мүшесі болды. Торғай облыстық халық ағарту комиссары қызметін атқарып, осы облыста 1917 жылдың 2-8 сәуірі мен 20-25 тамызы күндері өткен Ақтөбе қаласында II Торғай облыстық қырғыздардың құрылтайды ұйымдастырушыларының бірі болды. Съездің басшылық қызметінде Мырзағазы Искулов және оның серіктестері Сағындық Досжанов, Ахмет Тұңғанчин, хатшылары Тел Жаманмұрынов, Абдулхамит Жүндібаев жұмыс жасағандығы жазылады. Осы құжаттың көшірмесі Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған. Осындай көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды күрескердің тәрбиесі мен тәлімін алған Аққағаздың бағы да айқын еді. Сағындық қарындасын мектепке беріп, қазақ даласында кенжелеп қалған дәрігер мамандығын таңдауға да ағасының тікелей ықпалы болды деп айта аламыз. Екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген Аққағаз ағасының ұйғарымымен Орынбордағы әйелдер гимназиясына оқуға барады.

Ауыр материалдық жағдайға қарамастан, кезіккен қиындықтарды жеңіп, Мәскеудегі Жоғары медициналық курсқа түседі. Мәскеуге бағыт алған қазақ қызының бұл талпынысы, сол заманда ерлікпен пара-пар саналды. Қазақ балаларының көбінде Мәскеу тұрмақ өз елінде оқуға мүмкіндігі жоқ болатын, дарынды Аққағаз осы сынақты сүрінбей өтеді. Аталған музей экспозициясында Сағындық Досжановтың 1912 жылы 15 маусымда Торғай облысының губернаторына жазған өтініш хатының көшірмесі бар. Хатта: «Жеті кластық Орынбор қыздар гимназиясын бітірген өзімнің қарындасым А. Досжанованы Мәскеу Жоғары медициналық курсына түсіру үшін өтініш етемін, алайда оны қамтамасыз етуге жағдайымның келмеуіне байланысты және сіздің қарамағыңыздағы қырғыздардан бірінші болып жоғары білім алуға ниет білдіруіне байланысты, оған жоғары оқу орындарына арналған Торғайлық бос стипендиялық орын беруіңізге қолдау білдіруіңізді, Жоғары мәртебелі Сізден кешіріммен, ибалы түрде сұрауды дәреже тұтамын» - деп жазылған. Аққағаздың ағасы С. Досжановтың жасаған талпыныстарын ерекше бағалап, сол кезеңдегі көзі ашық, оқыған азаматтың ір-әрекеті деп бағалауға болады.

Мәскеу қаласында 4 жыл білім ала жүріп, саяси өмірге белсене араласады. Мәселен, 1917 жылы Мәскеудегі Татар слободасындағы медреседе қазақ зиялылары ұйымдастырған бас қосуға қатысып, мұсылман елдерінің азаттығы туралы арнайы баяндама жасайды. Мәскеудегі белгілі қоғам қайраткерлерінің ақыл кеңесімен сол 1-8 мамыры аралығында Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, биік мінберден мұсылман әйелдерінің мұң-мұқтажын жоқтап сөз сөйлеп, төрт делегаттың бірі болып сайланады. Осында оқыған жылдар оның өмірі мен көзқарасына үлкен өзгерістер әкеледі.



Сурет 1. С. Досжановтың қарындасын Мәскеу медицина курсына қабылдау туралы өтініші.
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің(АОТӨМ) қорынан алынды

Ірі қоғамдық шараларға қатысып жүріп Аққағаз Досжанова өз денсаулығына қарамаған сияқты. Жолдастарының көмегімен клиникаға түсіп, сол кездегі атақты дәрігер, профессор Д.Д. Плетневта емделгенмен де, ауруынан айыға алмай 1918 жылы күзде денсаулығына байланысты Мәскеудегі фельдшерлер курсын тастап, тез арада «Қайырымды медбике» куәлігін иеленіп елге қайтады. Елге қайтар жолда ақтардың тұтқына түсіп, таныстарының арқасынада тұтқыннан босайды. Жайлауда құнарлы тамақ ішіп, тынығып алған арманшыл Аққағаз әрекетсіз отырмай, білім алуға талпынып 1,5 жылдан кейін Мәскеуге қайта оралады. Бала кезінен білімге құштар, іздемпаз, белсенді төрт тілді еркін меңгерген Аққағаз Досжанова Мәскеу өмірінің саяси және қоғамдық тынысына тез араласады. Бұл бірінші дүниежүзілік соғыс басталып, Ресейдің аса бір күйзеліске ұшырап тұрған кезі. Төңкерістің толқулы күндері Татар қонысында шығыстық студенттер арасында теңдік пен еркіндік, шығыс әйелдерінің теңдігі туралы дәрістер оқып, жұмысын оқумен бірге алып жүреді. Мәскеудегі татар студенттері қоғамының белсенді мүшесі болды. 1917 жылы ақпан айында Мәскеудің татар слободкасындағы медреседе бұрата халықтардың патша үкіметі езгісінен азат етілгені туралы орыс тілінде баяндама жасап, Мәскеудегі мұсылман жастарының көшбасшыларының біріне айналады.

Медициналық курста білім алатын қыздар әскери қызмет атқаруға міндетті болғандықтан, жаралы әскерлерге алғашқы жәрдем көрсету, жаралылар тиелген эшелондарға күтуші ретінде кезекшілік ету қызметтерін атқарады. Ол бір шеті Польша, екінші шеті Томскіге дейін баратын жаралылар тиелген эшелондарда жұмыс жасады. Науқастармен бірге госпитальді Томск қаласына ауыстырған кезде Томск университетінің медицина факультетіне түскісі келеді, алайда сол кездегі жазылмаған заң бойынша жат жерліктерге, онымен қоса ауқатты әулеттен шықпағандарға университет есіктері жабық еді. Дегенмен, Аққағаздың

бағына орай медицина факультеті студенттерінің майданға алынуы нәтижесінде Томск университетінде студенттер қатары сиреп қалған кезін пайдаланып оқуға түседі. Оның жоғарғы әйелдер курсының фельдшерлік факультетін бітіргені ескеріліп, 2-ші курсына қабылданады. 4 курс бітіргендер тәжірибеден өту міндет болғандықтан, құрбысы Таным Сабатаеваға еріп Семей облысының Абай ауылына келеді. Тәжірибе алудың аяғы, сол кездегі ашаршылықтың салдарынан елде өршіп тұрған жұқпалы аурумен күресу науқанына қатысуға ұласады. Ол азып-тозып бара жатқан елдің жағдайына басқаша қарайды.

Практикасын аяқтаған дәрігер Аққағаз Досжанова Томскке қайтпайды. Сол уақытта ұлт азаматтарының білім алуы үшін Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университеті (САГУ) ашылады. Хабарды естігін Аққағаз 1921 жылы күзінде Ташкентке барады. Медицина бөлімінің 5-ші курсында оқып жүріп, қалалық акушер-гинекология клиникасында ординатор қызметін атқарады. Өкпе, оба індеті мен малярия секілді аурулармен күреседі.




Сурет 2. С. Досжановтың Ташкент мемлекеттік медицина институтын бітіргендегі туралы анықтама (АОТӨМ) қорынан алынды)

1919 жылы РКП (б) ОК саяси бюросының өкілі В. Куйбышев губернаторлар мен патшалардың үйлері мен саяжайларын қараусыз, панасыз қалған балаларға, жетімдерге, балалар үйінің қарамағына беру мақсатында тәркіленсін деген жарлық береді. Барлық елдегі сауатты қазақтар мен мұғалімдер осы жұмысқа жұмылдырады (Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары, 2015:184).

А. Ершиннің естелігінде 1919 жылдан бастап 1920 жылдың күзіне дейін Ташкент қаласында 200-250 адамдық (панасыз балалар) 8-10 интернат-балалар үйін ұйымдастырады. Тез арада оқытушылар/тәрбиешілер құрамы жасақталып, 1920 жылы 7 қарашада Ташкентте 2000 адамдық шерулер ұйымдастыруға интернат балаларын бір үлгіде киіндіріп сапқа тұрғызуға күш салады (АОТӨМ қоры материалдары). 1921 жылы тамыз, қыркүйек айларында жарияланған №33,193,243,249 нұсқаулар мен 1922 жылы 13 наурыздағы «Әйелдер бөлімі өкілдерінің балалар өмірін жақсарту жұмысына басшылық ету туралы» №585 нұсқау бойынша Аққағаз Досжанова ұйымдастыру жұмыстарының қайнаған ортасынан табылды. Оның еңбегін халық ғана емес, республика басшылары да жоғары бағаланған. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында Халық комиссарлар Кеңесінің 1922 жылғы 14 желтоқсандағы Қаулысының көшірмесі сақталған. Түркістан Республикасының Халық Кеңесі Комиссарларының төрағасы Т. Рысқұлов қол қойған қаулыда А. Досжановаға 100 сом көлемінде сыйақы берілгені және ОАМУ-де білім алатын шығыс қыздарына А.Досжанова атындағы шәкіртақы тағайындалғаны айтылған. Бұл А. Досжанова атындағы шәкіртақы тағайындауы, үлкен еңбегінің жемісі деп бағаланғаны. 1925-1926 жылдары А.Досжанованы паналап, медицина факультетіне оқуға түсуге біраз қыздар барған. Олар дәрігер-педагог Дамеш Ермакова (Т. Жүргеневтің әйелі), тұңғыш қазақ эпидемиологы Зинеп Мұхамедиярқызы Тұңғашина. Зинеп анасының айтуымен Аққағазды іздеп келіп, қамқорлығында болып, білім

алады. Зинеп Аққағазды өте сезімтал, мейірімді жан екенін еске алып, үнемі айтып отырады (Ильясова, 2003:87).



Сурет 3. Түркістан мемлекеттік университетін бітіргендігі, 100 мың сыйақы дайындау туралы шешімнің көшірмесі. (АОТӨМ қорынан алынды)

Аққағаздың қазақ қыздарының ішіндегі алғашқы медициналық жоғары білімді маман болғандықтан, сол кездегі Түркістанның Орталық Атқару Комитеті дәрігерлік кабинет жабдықтайды. 10 мың стерлинг құны бар Англиядан хирургиялық құралдар алдырады. Аққағаздың зайыбы өз естелігінде осы кезеңді былай еске алады, «...оларға жоғары сападағы медициналық құралдар (хирургиялық пышақтар, қайшылар және скальпель т.б) бөлінген (Ершин естелігі, 1965). А. Досжанованың САГУ-дың медицина факультетін шығыстың тұңғыш қызының бітіруін алаш зиялыларынмен бірге тойлап өтеді. Той Түркістан Республикасының Атқару Комитетінің орынбасары Сұлтанбек Қожановтың үйінде өтеді. Осы мәжілісте заманымыздың құлама ғалымы М.Әуезов құттықтай отырып, А.Досжанова атындағы дербес стипендия тағайындауы өте орынды және лайықты шешім деп қабылдайды. Жиынға қазақ зиялылары мен қатар Түркістан Республикасының жауапты қызметкерлері Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Әшім Омаров, Санжар Аспендияров, Біләл Сулиев, Сегізбай Айзунов, Нәзір Төреқұлов, Мұхамбетжан Тынышбаев ақын жазушылардан Әубәкір Диваев, Қайролла Қаратаев, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов болса, дәрігерлерден Халел Досмұхамбетов, Әлжан Байгулин, Мағрипа Қойайдарова, Мадина Хасимова, адвокаттар Серікбай Ақойов, Жүніс Қиқов қатысыпты (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музей қоры материалдары). Бұл фото сол кездегі Аққағаз Досжанованың замандастары арасында, елдің саяси деңгейінде беделінің биік болғандығының айғақтайды.



Сурет 4. ОАМУ-ін бітірген қазақ зиялылары. Ташкент 1922ж. А.Досжанова ортасында.
(АОТӨМ қорынан алынды)

Т.Рысқұлбеков басқарған үкімет дәрігерлік бөлімшелердің жабдыкталуына баса назар аударады. Аққағаздың жұбайы әрі елдегі панасыз балалармен, жастармен жұмыс барысындағы әріптесі Әлімгерей Ершинмен бірге жетімдерге пана болып, күндіз-түні еңбек етеді. Жетім балалардың үйлерін жиі аралап, олардың жағдайынын жақсартуда көп күш салады. Санитарлық тазалықты қадағалау, әйелдердің күтімі, жас сәбидің өмірін сақтау т.б. тақырыптарға дәрістер оқып, газет-журналдарға мақала жазады.

Аққағаз Досжанованың курстасы Өзбекстан Республикасының медицина ғылымына еңбегі сіңген қайраткері, медицина ғылым академиясының корреспондент мүшесі Зульфия Умидова оның оқып жүріп жұмыс жасағанын, қаладағы жалғыз перзентхана бөлімін басқарғанын айта келіп, мынадай естелік қалдырады «...1920 жылдары ұзаққа созылған азаматсоғысының салдарынан халық шешек, оба ауруларынан апатқа ұшырып жатты. Ол сол кезде Орынбор, Жизақ, Самарканд, Бұхара қалаларынан жиналған панасыз балаларға қамқор болды. 1-ші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі уақытта еліміздің түкпір-түкпіріндегі жетім қалған панасыз балаларды емдеп, жинап, оларды интернат үйлеріне орналастырып, үкімет қамқорлығына өтуіне белсене араласты. Аққағаз құрбыларымен бірге күн демей, түн демей медициналық жәрдем беріп, адам жанына арашасы болды» (Сарсембина, 2009). Мемлекеттік маңызы зор балалар панасыздығын жою шаралары жастардың жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаевтың басшылығымен және қызу қатысуымен өтеп жатты. Жас дәрігердің өз жұмысына деген тиянақтылығы мен жауапкершілігінің жоғары екендігін және жүрегінің кеңдігін айқындап тұр. А. Досжанованың өткір тілді, сөйлегенде өз ойын нақты, кейде мақалдатып тапқырлықпен жеткізетіндігін зайыбы А. Ершин өз естелігінде жазады (АОТӨМ қоры материалдары).

Сонымен қатар, 1917 жылы мамыр айында Мәскеуде өткен мұсылмандар съезіне Шығыс әйелдері атынан Аққағаз делегат болып қатысады. Съезге қатысушылар естелігінде Аққағаз Досжанованың сұлулығы мен сыпайлығына, сауаттылығына таң қалғандығы туралы келтіріледі. 1918-1919 жылдары саяси өмірге араласқан Аққағаз туралы мәліметтер еш жерде берілмейді. Ол көбіне Мәскеу және Томск қалаларында саяси белсенділік танып жүрген. Патшалық Ресей бодандығындағы мұсылман елдерінің зиялыларымен етене араласып, таныс болуы, жас маманға жауапты істерді атқару жүктелгенін аңғаруға болады.

Тұңғыш дәрігер қыздың өмірі мен қызметін зерттеушілер, 1918 жылы денсаулығының сыр беруіне байланысты елге қайтып, емделуге мәжбүр болғанын айтады. Сол уақыттағы қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Алихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Жаһанша Досмұхамбетов т.б. құрған «Алаш» партиясы қазақ елінің автономиялық дербестігін алу жолында күреске шығады. Қазақ зиялылары басқа да ұлттармен біріге отырып, пролетариат диктатурасы толық жеңгенше күрес жүргізеді. Алаш партиясының саяси қызметіне араласқан Аққағаз Досжанова Ақтөбе, Гурьев (Атырау), Хан ордасы, Орал жағына аттанады. Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған уақытта, зейінді қазақ қызы Орынбордағы орталықтармен етене жұмыс жасап отырады. Хиуа мен Бұхара саяси жағдайларды бақылып, хабар алмасып отырған. 1918-1919 жылдардағы отты оқиғаларға қатысы бар Гүлсім мен Сафия Музафаева сияқты башқұрт, татар қыздарымен қатар қазақ қызы Аққағаздың Шығыс түрік халықтары арасынан шыққан ерекше жан екенін Заки Валиди Тоган мақтанышпен жазады (Қаңтарбаева, 1976:38).

А. Досжанова өз қызметімен ел аралап жүргендігін пайдаланып «Алаш» үкіметінің құпия өкілі ретінде «Алаш» партиясының барлаушысы болып, берілген тапсырмаларды жасырын түрде орындап, байланыс орнатқан көрнекті өкіл болғандығын, Мәскеудегі саяси ахуал жөнінде Әліби Жангелдинге ақпараттарды беріп отырғандығы сөз етіледі (Қаңтарбаева, 1974:36).

Н. Мартыненконың жинақтаған мұрағат құжаттары мен «Алаш орда» съездері жинақтарынан Сағындық пен Аққағаз Досжановтардың «Алаш» партиясының белсенді өкілдері болғандығы айқындалды (Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары, 2015:187)

Жібек Қаңтарбаеваның 1976 жылы жарық көрген «Аққағаз Досжанова» атты еңбегінде 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Аққағаз Москвада, Орынборда, Татар слободасындағы медресеге жиналған студент арасында орыс тілінде бүгінгі жағдай ертеңгі жарқын болашақ туралы жасаған баяндамасының түп нұсқасы сақталмағандығын, Аққағаз сондай жастар қозғалысына белсене араласқан деп келтіреді (Қаңтарбаева, 1976). Дегенмен, оның өскен ортасына, өмір жолына барлай қарасақ, жап-жас қазақ қызының саяси күреске белсене араласқанын көреміз.

1920 жылы жазында Түркістан Республикасы оқу-ағарту комиссариатының нұсқауы бойынша оқытушылар институтының жаңа бітірген Аққағаздың болашақ зайыбы Әлімгерей Ершин Ташкент қалалық оқу-білім жанындағы балалар үйлері мен интернаттар үйінің меңгерушісі болып тағайындалады. Өмірдің осы кезеңдері туралы Аққағаздың зайыбы Әділгерей Ершин былай деп еске алады: «Мен 1918 жылы желтоқсан айында Ташкентке басқа мұғалімдермен бірге семинарияны аяқтау үшін келдім, себебі азамат соғысына байланысты Ақтөбедегі біз оқыған семинария жабылады. Маған Т. Рысқұловтың қолы қойылған мандат беріп, оқуымды аяқтамай Ташкенттегі және шет аймақтардағы барлық мұғалімдер мен сауатты қазақтардың басын қосып, балалар мекемелерінің ұйымдастырушы болып жұмысқа кірістім. 1920 жылы көктемде семинарияны бітіре салысымен Түркістан Халық Кеңесінің комиссарлар төрағасының өкімі негізінде Басқарма мүшесі ретінде таныстырып, мектептер мен интернаттар қауымдастығының бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындады. Аққағазбен 1921 жылы күзде Ташкентте таныстық. Аққағаз келгенге дейін студенттер мен жұмысшылар болып тату өмір сүрдік. Аққағаз келісімен достығымыз одан сайын нығая түсті, ол жиі студенттік кештер ұйымдастырды. Ол қыздардың арасында, мен ұлдардың арасында үлкені болдым. Бәрі бізді жұптастырып әлек болды. Біз еш мән бере қоймадық. 1921 жылы ашаршылыққа ұшыраған Еділ бойы мен Жайықты Орталық Азияның анағұрлым жақсы тамақтандырылатын аудандарына көшіру және қоныстандыру бойынша Балалар комиссиясының комиссары болдым. 1921-22 жылдары ересектер мен балалар тиелген әр қайсысына 1500-нан кем емес 15 санитарлық пойыздарды алып бардым. Бізді әр станцияда дәрігер, педагогтар күтіп алып, денсаулықтарын тексеріп, жағдайларын қарап отырды. Ташкентте Аққағаз бастаған дәрігерлер тобы мен ұстаздар күтіп тұрды. Олар балаларды мұқият тексеріп, іріктеу үшін эшелондарды күтіп алды. Ауру балалар мен ашыққандарды анықтап, алғашқы көмек көрсетіп, қажет болған жағдайда ауруханаларға немесе оқшауланған

интернаттарға жіберіп, барлығына оларды орналастыруға қажетті қатаң нұсқауларды беріп отырды. Аққағаз Ташкентте педиатр болып тағайындалған соң, бір күнде барлық мектеп-интернаттарды аралап шығатын (ол күнде осындай айналым жасайды). Интернаттағы, көшедегі балалардың көбі қышыма, экзема және басқа да тері ауруларына шалдыққан. Оларды қолдарымен, жылы сөздерімен емдеді. Ташкент мектеп-интернатының көптеген тәрбиеленушілері өздеріне қамқор анадай болған дәрігерін көпке дейін есіне алып, айтып жүретін» (АОТӨМ қоры материалдары). А. Досжанова мен А. Ершинді ортақ айналысқан қызмет жақындастырды деп толық айтуға болады.

А. Досжанова туралы жақсы білген, араласқан, қызметтес болған атақты дәрігер Исакк Иванович Бучацкий «жұмыс бастылығына қарамастан, өзгелердің қамы үшін қызмет етуді, жақсылық, қайырымдылық жасауды жаны жақсы көрді. Өйткені, ол аса адал, ізгі ықыласты, зерделі де сирек адам еді. Сол жылдары өмір ауыртпашылығы өз басына да түсіп жүрсе, еш білдірмеді, шағымданбады» деген естеліктер кездеседі. Сол уақытта панасыз балаларды жинау жөніндегі активтер еліміздің шалғай аудандарындағы ауру әлсіз, жетім балалар тиеген эшалондар келіп жатты. Балаларды ұқыпты да, тез сұрыптап, емханаға, интернаттарға жіберіп отырды.

Жаңа үкіметтің қалыптасу жылдарында жас дәрігер «Степная правда» (11.09.1921ж. №65), «Түркістанда» деген мақаласында жұқпалы аурулардың қауіп төндіріп тұрғанын және бала мен ана денсаулығына қатысты дәрігерлік кеңес беріп отырды. Одан бөлек «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас азамат» сияқты журналдарда жазбалары жарияланып тұрды (Тайжанов, 2016:95). Бұл отандық медицина емес, қазақ баспасөзінің дамына да үлес қосқанын көрсетеді. Дәрігер Аққағаздың мақалаларының көбі «Әйел теңдігі» журналында шыққан, қазіргі «Қазақ әйелдері» журналының бастауы болып табылады. Яғни, әйел теңдігі мәселесі, қыз-келіншектердің сауаттылығын арттыру, тұрмыстық құқығын қорғау, бала тірбиесіндегі ролін айқындау қызметтерінің басында жүріп, мәселені қозғап отырды. Еуропалық стильдегі медицинаны насихаттады. Педиатрия саласының алғашқы маманы ретінде бала денсаулығының сау болуы үшін қыр-сырын халыққа түсіндірді.

Оның жазу, сызуға деген қабілеті Орынборда жүрген кезден бастап байқалған, өйткені 1914 жылы Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің редакциясында М. Дулатовтың жары Ғайнижамал Дулатова, Мұхтар Мурзиннің жары Гүлайым Балғынбаева және Аққағаз Досжанова болатын. Әлеуметтік желіде үшеуінің бірге түскен сүреттері соның дәлелі болып табылады. Қазақ журналистикасының алғашқы қарлығаштары деуге әбден болады. Қазіргі ғылыми зерттеулер, оның жазбаларын саралай келе А. Досжанова публицист, журналист деген атаулар береді. Себебі, ол ең алғашқы жазбаларын «Жас азамат» журналында жариялаған (бұл журнал бұрынғы «Қазақ» газетінің жалғасы). Жастарды азаттық рухында тәрбиелеу, патриотизмге баулу, азаттық жолында үлкен күреске дайындау мақсатында тырнақ алды туындылары жарық көрді. Дегенмен, ол дәрігер болғандықтан, көбіне халық денсаулығына байланысты мақалалар жариялаған. Сол кезеңде жұқпалы аурулардың өршіп тұруы, одан сақтану жолдарын жазып, халыққа ой салған. Бүгінгі күнмен өте өзектес мәселені көтерген қазақ қызы.

Ә. Ершин өз естелігінде Аққағаз тұлғасын дәрігер ретінде де, ұстаз ретінде де әңгімелейді. Өз тілімен қоса басқа тілдерді де терең меңгергендігі сонша, әр сөзді анық айтып, жалғау мен екпінді шатастырмайтын. Қазақ тілінде мақалдатып сөйлегенде, біз аңырқап қалатынбыз. Яғни, Аққағаз Досжанованың өз заманындағы тіртуар тұңғыш жоғары білімді дәрігер, ақыл-парасатымен саяси істерге белсене араласқан, Алаш қайраткерлерінің зор құрметіне ие болғанын көрсетеді. Аққағаз ағасы Сағындық Досжановты сыйлап, ұстазы ретінде ерекше құрмет тұтқан. Алғашқы білім алған ұстазы ретінде жылы жүзін еске алып, сабаққа дұрыс дайындық жасамасам, құлағымнан тартып жазалайтын деп күліп отыратын. 1925 жылы отбасын құрып, 1926 жылы дүниеге Шахбаз деген ұлымыз келеді. Ол өз баламызбен қоса С. Досжановтың үш ұлын (Арон, Мухаммед, Әлімғазы) тәрбиелейді. Олар Ташкенттегі орта мектепті бітіріп, Мәскеуден жоғары білімді агроном, инженер

мамандықтарын игереді. Өкініштісі, кейіннен бұл үш жігіт, әр түрлі аурулардан көз жұмады. Денсаулығына байланысты тағы да дүниеге бала әкеле алмайтынын білген балажан Аққағаз, менімен келіспей, жақындарымның Қапиза, Нагима деген қыздарын қарамағына алды. Қыздарға берген тәрбиесі мен білімі басқалар үшін үлгі болды. Бұнымен Аққағаз тоқтамады, менің үлкен ағамның 2 жасар ұлы Ануарбекті (1924 жылғы) ұлым Шахбазға серік болсын деп асырып алғаны туралы естелігінде бөліседі (АОТӨМ қоры материалдары).

Аққағаз Досжанова 1922 жылы алғашқы Түркістандық дәрігерлер съезіне өкіл ретінде барып, ғылыми бас қосуларға белсене араласады. Ол өз баяндамасында ана мен баланы қорғау мәселесіне көп көңіл бөледі. Гинекологиялық ауруханаларда қызмет атқара жүріп, көшеде қалған қараусыз, панасыз балаларды жинап, балалар үйіне орналастырады.

А. Досжанованың зайыбы А.Ершин өздерінің негізгі қызметтері жайлы былай дейді: «менің міндетім Орынбор қаласындағы ашыққан балаларды жинап жағдайы жақсы губернияларға көшіру жөніндегі арнайы нұсқаумен Ташкентке, одан әрі Жизақ, Самарқанд, Бұхараға санитарлы пойыздармен жөнелту. 1921-1922 жылдары әр вагонға 1500 адамнан кем дегенде 15 пойыз ілесіп отырды. Олармен бірге Ташкентке дейін барып, интернатқа балаларды іріктеу үшін Ташкентте бір күн аялдаған соң, басқа станцияларға жібереміз. Аққағазбен осы жерде көрісіп, тілдесеміз. Ол келген пойыздағы балалардың денсаулығын тиянақты тексеріп, ауырып келгендерді медициналық бөлімдерге жіберіп отырады».

Осы кезеңдегі панасыз балалардың жылы жақтарға көшірілуі бойынша мынадай құжаттар тіркелген. 1921 жылы 22-28 қараша арасында Ақтөбенің балалар үйі мен интернаттарынан 7-14 жас аралығындағы Самарқандқа – 332, Ташкентке – 224 бала жіберілген (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА) 59-қ.,1-т. 17-іс. 213,217-пп). Ал, 16-29 желтоқсанда 3-15 жас аралығындағы 229 бала (Темірден – 60, Ақбұлақтан – 169) Самарқанд және Түркістан Республикаларына санитарлы пойыздармен жөнелтіліп отырған (АОМА.59-қ.,1-т. 17-іс.221,222-пп). Қазақстанның түкпір-түкпірінен осындай балалар тиелген санитарлық пойыздар көптеп келіп жатты. Сол уақыттағы маман тапшылығына қарамастан, дәрігерлер мен тәрбиеші-педагогтар өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен орындап отырды. Бұл тек Ақтөбе бойынша ғана жөнелтілген балалар туралы дерек, басқа да елдің түкпірінен мыңдаған балалар мен әйелдер бар екені тарихтан белгілі.

Сонымен қатар, Аққағаз қазақ қыздар оқуға тартқан бірінші ағартушы қыз. Ол туралы шәкірті ҚазҰУ-нің химия факультетінің негізін қалаған Б.А. Бірімжанов: «балалық шағымдағы алғашқы ұстазым еді» деп еске алады. Аққағаздың архив мұрасын зерттей келе оның ағартушылық, дәрігерлік қызметпен қатар саяси қызметті қоса атқарғаны анықталды. Аққағаз Досжанова туралы ғылыми толық зерттеу жүргізген «Аққағаз Досжанова» очеркінің авторы Ж. Қаңтарбаева көп жеке деректерінің жоғалғандығын, кей жылдарды қандай қызметтерге араласқандығы туралы ақпарлардың жойылғандығын алға тартады. Яғни, Кеңес үкіметі саясатының кейбір тұстарын байқауға болады. А. Досжанованың атқарған тікелей маңызды жұмысы көшеде қалған ашаршылық құрбандарының, панасыз балалардың тағдыры болды. Архивтерде 1921-22 жылғы аштық құрбандары, табиғи апаттан панасыз қалған балалар тағдыры туралы деректердің кейбір тұстарын құрастыра алмай жатамыз. Олда Кеңес үкіметі саясатының жемісі.

1930 жылы, кейбір деректерде 1931 жылы Аққағаз отбасымен Ташкенттен Алматыға көшіп келіп, №1 қалалық ауруханада дәрігер-гинеколог қызметін жалғастырады. Бұл кезең қазақ даласына келген ұлы нәубет ашаршылық жылдары, 2 миллионнан аса қазақтың өмірін қиған, аштық тұсында Аққағаз бар күшін адамдарды құтқаруға сарп етті. Аққағаздың өмірі елдің қалыптасуындағы ауыр жағдайда өтті. Елді жайлаған жұқпалы безгек ауруының алдын алуға, ауырған жандарды құтқаруда мол еңбек етеді. Бұл кезең Аққағаз Досжанованың бұрынғы ауруын қайта қоздырып, ашаршылық, жоқшылық оның денсаулығына қатты зиянын тигізді. 1932 жылы 21 қаңтарда білікті дәрігер, аяулы ана, сүйікті жар өмірімен қоштасты.

А. Досжанованың тұлғасын қайта жаңғырту мақсатында көптеген зерттеулер мен мемлекеттік органдарға сұраныс-хаттар түсірудің арқасында тұңғыш дәрігердің еңбегі

ақталып, есімі жария етіледі.

Аққағаз Досжанованың құрметіне 2016 жылы 17 маусым күні Ақтөбе қаласының орталығындағы көшелердің біріне қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер, қоғам қайраткері Аққағаз Досжанованың есімі берілді. Осы көше бойына орналасқан М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің Студенттер кешені алдына Аққағаз Досжанованың ескерткіші орнатылды. Салтанатты жиынға Аққағаз Досжанованың ұрпақтары қатысты.

Қорытынды

Аққағаз Досжанова ХХ ғасырдың басындағы қиын-қыстау заманда, білімділігі, қайсарлығы мен жігерлігін таныта білген мықты дәрігер екендігін дәлеледеді. Ана мен бала денсаулығына көп көңіл бөлген, жұқпалы аурулардың алдын алуда жүргізген жұмыстары мен жарияланған мақалалары, мыңдаған жанның өмірін сақтады. Балаға деген ықылысы мен сүйіспеншілігі сол уақыттағы панасыз балалардың жүрегіне үміт отын жақты. Әйелдер қозғалысын өрістетуде ана мен баланы егіз деп қарады. Батыс Алаш үкіметінің саяси жұмыстарын атқарудағы ұлтына деген патриоттық сезімі, жауапкершілігі үлкен табандылықты көрсетті. Қайнаған өмірі тынымсыз еңбек үстінде өтіп, қоғамдық маңызын асқақтатты. Тұлға туралы зерттеулердің аздығына қарамастан, біраз құжаттар айналымға алынды. Аққағазды алда үлкен ғылым күтті, өкінішке орай шығармашылық қызметінің гүлденген шағында қайтыс болды.

Әдебиеттер тізімі

- Ақтөбе блыстық тарихи-өлкетану музейі (АОТӨМ) ҚҚТ-5204/20;5458;5304/2;5327;5328;2089;4485. Ағайынды Алаш мүшелері Аққағаз (1893-1932 жж) Сағындық Досжановтар туралы көшірме құжаттар, суреттер.
- Әлжанов А. Алғашқы қарылғаштар. – Алматы: Арыс, 2007. -112 б.
- Ильясова Р. Арулар-аналар, даналар. – Алматы: Зерде, 2003. -232 б.
- Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Досжанова Аққағаз. -Алматы, 2001. Т. 3. – 273-274бб.
- Қаңтарбаева Ж. Аққағаз Досжанова. -Алматы, 1974. – 34 б.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. - 656 б.
- Маринец А. Открыт первый в Казахстане памятник врачу // Актюбинский вестник. 20 июня 2016 г.
- Молдин Б. Аққағаз Досжанова және оның заманы // Үш таған. 2021. №2. -28-30 бб.
- Өтеміс И. Ақтөбеде Аққағаз Досжанова атындағы көше бар // Ақтөбе газеті. 2016 жыл 17 маусым.
- Сарсенбина Б. Аққағаздың аманаты // Жас Алаш. 2009. 18 тамыз №4. – 24-28 бб.
- Тайжанов А. Аккагаз Досжанова как врач и общественный деятель // Медицинский журнал Западного Казахстана. 2016. №2(50). – С. 91– 95
- Талжанов С. Адам туралы толғау. – Алматы: Жазушы, 1965. – 174 б.
- Тоган З.В. Воспоминания. –Уфа, 1994. – С. 400

ПЕРВАЯ ЖЕНЩИНА-ВРАЧ ИЗ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА – АККАГАЗ ДОСЖАНОВА

Ерке Конбай*, Айдын Ж. Абденов

Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан Актюбинский университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Аннотация. Уроженка Актюбинского региона, талантливый и квалифицированный врач Аккагаз Досжанова внесла значительный вклад в развитие медицины казахского народа в первой

четверти XX века. В сложные времена Советской власти она успешно окончила Оренбургскую женскую гимназию и поступила на медицинские курсы в Москве. Статью составляют документы, хранящиеся в фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея, которые касаются Аккагаз и её брата Сагындыка Досжанова, который способствовал её обучению в Москве. Вершиной медицинской деятельности Аккагаз стало её участие в борьбе с голодом, охватившим Западный регион в 1921-1922 годах. В результате стихийного бедствия урожай не был собран, и дети в губерниях и уездах Запада оказались в особенно тяжёлом положении. Центральная детская комиссия начала свою работу 16 июля 1921 года, организуя помощь беспризорным детям и их размещение в детских домах. Её муж, завершив обучение в учительской семинарии, приехал в Оренбург, а позже был назначен заведующим детскими домами и интернатами при Ташкентском городском учебном отделе. Судьба супругов связалась в этом месте. Аккагаз Досжанова не только лечила женщин и детей, страдавших от инфекционных заболеваний и голода, но и публиковала статьи в газетах на тему бытовой гигиены и профилактических мер. В общественной деятельности Аккагаз проявляла участие в политической жизни страны, сотрудничая с руководителями правительства «Алаш» и участвуя в секретной разведывательной деятельности в крупных городах. В её семейной жизни образ заботливой матери и любимой жены раскрывается в воспоминаниях её супруга, хранящихся в музее.

Ключевые слова. Аккагаз Досжанова; первая женщина-врач; Ташкент; беспризорные дети; 20-30-е годы XX века; Алаш; Сагындык Досжанов.

THE FIRST FEMALE DOCTOR FROM WESTERN KAZAKHSTAN – AKKAGAZ DOSZHANOVA

Yerke Konbay*, Aidyn. Zh. Abdenov

Shakarim University of Semey, Kazakhstan

Aktobe University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. A native of the Aktobe region, the talented and skilled doctor Akkagaz Doszhanova made a significant contribution to the development of Kazakh medicine in the first quarter of the 20th century. During the challenging times of Soviet rule, she successfully graduated from the Orenburg Women's Gymnasium and enrolled in medical courses in Moscow. The article is based on documents stored in the fund of the Aktobe Regional History and Local Lore Museum, which pertain to Akkagaz and her brother Sagyndyk Doszhanov, who facilitated her education in Moscow. The pinnacle of Akkagaz's medical career was her involvement in combating the famine that plagued the Western region in 1921-1922. As a result of this natural disaster, crops failed, and children in the provinces and districts of the West were in particularly dire conditions. The Central Children's Commission began its work on July 16, 1921, organizing assistance for homeless children and arranging their placement in orphanages. Her husband, after completing his studies at a teacher's seminary, arrived

in Orenburg and was later appointed as the head of orphanages and boarding schools under the Tashkent City Education Department. It was here that the couple's fates intertwined. Akkagaz Doszhanova not only treated women and children suffering from infectious diseases and hunger but also published articles in newspapers on topics related to household hygiene and preventive measures. In her public work, Akkagaz was involved in the political life of the country, collaborating with the leaders of the "Alash" government and participating in covert intelligence activities in major cities. Her role as a caring mother and beloved wife is revealed in the memories of her husband, preserved in the museum.

Keywords. Akkagaz Doszhanova; first female doctor; Tashkent; homeless children; 1920s-1930s; Alash; Sagyndyk Doszhanov.

References

Aktobe oblystyky tarihi-olketanu muzeji (AOTOM) [Aktobe regional historical and local history museum] ҚҰТ-5204/20;5458;5304/2;5327;5328;2089;4485. Agajyndy Alash musheleri Akkagaz

(1893-1932) Sagyndyk Doszhanovtar turaly koshirme kuzhattar, suretter. [Members of the Alash about Akkagaz (1893-1932) and Sagynyk Doszhanovs copies of documents, pictures].

Alzhanov A. Algashky karylghashtar [The first violins]. – Almaty: Arys, 2007. -112 bet. (in Kazakh)

Il'jasova R. Arular-analar, danalar [Mothers, sages]. – Almaty: Zerde, 2003. -232 bet. (in Kazakh)

Kazakhstan Ulttyk yenciklopedijasy [National encyclopedia of Kazakhstan] Almaty. Doszhanova Akkagaz. 2001. Tom 3. – 273-274 bb.

Kantarbaeva Zh. Doszhanova Akkagaz. Almaty, 1974. – 34 b. (in Kazakh)

Koigeldiev M. Alash kozgalysy [Alash movement]: Monografija. Ekinshi kitap. – Almaty:Mektep, 2017. - 656 b.

Marinec A. Otkryt pervyj v Kazahstane pamjatnik vrachu // gazeta «Aktjubinskij vestnik». 20 ijunja 2016 g.

Moldin B. Akkagaz Doszhanova zhane onyn zamany [Akkagaz Doszhanova and her time]. // Ysh tagan. 2021. №2. -28-30 bb.

Otemis I. Aktobede Akkagaz Doszhanova atyndagy koshe bar [There is a street named after Akkagaz Doszhanova in Aktobe] // Aktobe gazeti. 2016 zhyl 17 mausym. (in Kazakh)

Sarsenbina B. Akkagazdyn amanaty [Akkagaz's trust] // Zhas Alash. 2009. 18 tamyz №4. – 24-28 bb.

Taizhanov A. Akkagaz Doszhanova kak vrach i obshhestvennyj dejatel' // Medicinskij zhurnal Zapadnogo Kazahstana [Akkagaz Doszhanova as a doctor and public figure]. 2016. №2(50). – S. 91–95

Talzhanov S. Adam turaly tolgau [Thinking about a person]. – Almaty: «Zhazushy», 1965. – 174 b.

Togan Z.V. Vospominaniya [Memories]. Ufa. 1994. – S. 400.

Авторлар туралы мәлімет:

Айдын Ж. Әбденев – тарих ғылымының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Ерке Конбай – докторант PhD, Семей қаласының Шәкәрім университеті, Қазақстан.

Сведения об авторах

Айдын Ж. Абденев – кандидат исторических наук, региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Ерке Конбай – докторант PhD, университет имени Шакарима города Семей, Казахстан.

Information about authors:

Aydyn Zh. Abdenov – Candidate of Historical Sciences, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

Erke Konbay – PhD candidate, Shakarim University of Semey, Kazakhstan.

*Редакцияға түсті 03.07.2024
Өңдеуден кейін қайта түсті 28.08.2024
Жариялауға қабылданды 27.09.2024*

МРНТИ 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-1\(1\)-9](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-1(1)-9)**ДЕТИ - ЖЕРТВЫ КАЗАХСТАНСКОГО ГОЛОДОМОРА (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА ОБЛАСТИ АБАЙ)****Бакыт Ж. Атантаева, Раушан Д. Ахметова*, Айжан Р. Ботабекова***Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан*E-mail: batantaeva@mail.ru,*r.d.akhmetova@mail.ru, aizhan.botabekova@mail.ru¹<https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>^{2*}<https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>³<https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

Аннотация. В данной статье на основе архивных документов и анализа научных трудов исследуются причины появления в казахском обществе вследствие проведения силовой модернизации сельского хозяйства такого социального феномена как детская беспризорность, рассматриваются положение детей в 1931-1933 гг., материально-бытовое положение детей в детских учреждениях. Насильственная коллективизация, проводимая советским правительством, политика седентаризации, разрушение традиционного казахского хозяйства - все эти факторы в сумме являются причинами массовой гибели людей из-за голода и различных инфекционных заболеваний, что привело к тому, что большое количество детей осталось без заботы и опеки родителей. Как свидетельствуют архивные документы, положение детей, оставшихся без попечения родителей было очень сложным, мест в детских домах и коммунах не хватало для всех нуждающихся, сами детские учреждения также находились в неудовлетворительном состоянии, располагались в приспособленных помещениях, не хватало одежды, продуктов, средств гигиены, не было должного медицинского обслуживания. Авторами также отмечается, что бедственное положение приютов усугублялось отсутствием должного контроля за финансированием и снабжением. В документах приводятся также факты массового бегства детей из детских домов. Проанализированы акты о содержании воспитательной и учебной работы детских учреждений, которые говорят о нехватке учителей, учебников и учебных пособий, что отрицательно сказывалось на организации учебно-воспитательной работы в детских домах. Авторами сделан вывод, что трагическая судьба детей стала следствием жестокой и необдуманной политики советского правительства.

Ключевые слова: коллективизация; дети; беспризорность; голод; детский дом; детские коммуны; Восточный Казахстан.

Введение

В рамках ускоренного курса на коллективизацию, который предполагал оседлость веками кочевавшего народа, была разрушена многовековая традиционная хозяйственная отрасль казахов - кочевое и полукочевое скотоводство. Голод 1931-1933 годов в Казахстане стал одной из самых трагических страниц в истории страны, затронув миллионы жизней. В результате насильственной коллективизации и неэффективной аграрной политики, тысячи семей лишились средств к существованию, а дети оказались самой уязвимой группой населения.

Появление в казахском обществе такого феномена как детская беспризорность, является одним из негативных результатов политики насильственной коллективизации, вследствие чего казахская степь была охвачена масштабным голодом. Исследование трагических страниц отечественной истории приобретает особую актуальность для нынешнего и будущего поколения нашей республики. Актуальность изучения темы голода 193-1933 гг. состоит в необходимости принятия прошлого трагического опыта и в извлечении уроков из

отрицательных результатов последствий массовой насильственной коллективизации в Казахстане.

Материалы и методы

Методологией исследования является общенаучные принципы историзма и объективизма, системности и комплексности в изучении взаимосвязанных фактов и событий.

Научная статья опирается на архивные источники, отложившиеся в Государственном архиве области Абай.

Новизна исследования заключается во введении в научный оборот ранее неопубликованных архивных документов из фонда № 578 «Восточно-Казахстанская областная контрольная комиссия ВКП(б) и рабоче-крестьянская инспекция» Государственного архива области Абай.

Обсуждение

В изучении истории голода 30-х годов в Казахстане на современном этапе произошли значительные концептуальные изменения. Если в советской историографии большое внимание уделялось вопросам политики Советского государства по осуществлению коллективизации: охват, количество и т.д. В настоящее время одним из методологических принципов исследования является историко-антропологический, который предполагает повышенный интерес к человеку в истории, мотивам его поведения, действий, поступков, представлениям, ментальным нормам и ценностям, повседневному бытию, всем формам жизнедеятельности.

Мощный импульс и толчок формированию общественного мнения, ломке прежних идеологических штампов и оценок и становлению новых теоретико-методологических подходов в исследовании проблемы дали монографические труды и публикации в периодических изданиях М.К. Козыбаева (Козыбаев, 2000), Т.О. Омарбекова (Омарбеков, 2011), К.С. Алдажуманова (Алдажуманов и др., 1998), Б.Г. Аягана (Аяган и др., 2012), Ж.Б. Абылхожина (Абылхожин, 1997).

